

Сотрақ Mini пайдалану нұсқаулығы

© Copyright 2010 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Bluetooth белгісі – Hewlett-Packard Company компаниясының лицензия бойынша пайдаланатын сәйкес иесінің сауда белгісі. Windows және Windows Microsoft Corporation корпорациясының АҚШ мемлекетінде тіркелген сауда белгілері. SD Logo белгісі – оның иесінің сауда белгісі.

Осы құжат қамтитын ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. HP өнімдері мен қызметтеріне барлық кепілдіктер аталған өнімдер мен қызметтерге тіркелетін осы кепілдіктер туралы анықтамаларда белгіленген. Осы құжатта берілген ешбір мәліметті қосымша кепілдік ретінде түсіндіруге болмайды. HP осы құжаттағы техникалық немесе басылған не түсіп қалған қателер үшін жауапты болмайды.

Бірінші басылым: қаңтар, 2010

Құжат бөлігінің нөмірі: 603710-DF1

Өнім ескертпесі

Пайдаланушы нұсқаулығы көптеген модельдерге бірдей болатын мүмкіндіктерін сипаттайды. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде жұмыс істемеуі мүмкін.

Mini пайдалану нұсқаулығындағы ең соңғы ақпарат оқу үшін <http://www.hp.com/support> мекен-жайындағы HP веб-торабына өтіңіз.

Қауіпсіздік ескертпелері

- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Күйік алу қатерін азайту және компьютерді қызып кетуден сақтау үшін, оны тізеге қоймаңыз немесе ауа желдеткішінің саңылауларын бітемеңіз. Компьютерді тек қатты және тегіс бетте пайдаланыңыз. Жақын жерде тұрған принтер сияқты қатты заттардың немесе жастық, кілем не киім сияқты жұмсақ заттардың ауа келу жолдарын бітеуіне жол бермеңіз. Компьютермен жұмыс істеу кезінде айнымалы ток адаптерінің дене немесе жастық, кілем немесе киім сияқты жұмсақ заттармен қатынасуына да жол бермеңіз. Компьютер мен айнымалы ток адаптері ақпараттық құралдар аумағында қолданылатын (IEC 60950) құрылғы қауіпсіздігі бойынша халықаралық стандарттармен анықталған пайдаланушыларға арналған шектелген бет температурасы талаптарына сәйкес болуы қажет.

Мазмұны

1 Бөліктерді білу

Жабдық анықтау	1
Жоғарғы бөліктері	1
TouchPad	1
Шам	2
Пернелер	3
Алдыңғы жағындағы бөліктер	3
Оң жақтағы бөліктер	5
Сол жақтағы бөліктер	5
Дисплей бөліктері	6
Төменгі бөліктер	7
Сымсыз антенналар	8
Қосымша жабдық бөліктері	9
Жапсырмаларды анықтау	9

2 Қуатты басқару

Қуат параметрлерін орнату	11
Қуатты үнемдеу күйлерін пайдалану	11
Ұйқы күйін қосу және одан шығу	11
Күту күйін қосу және одан шығу	12
Қуат жоспарын пайдалану	12
Ағымдағы қуат жоспарын қарап шығу	12
Өртүрлі қуат жоспарын таңдау	13
Қуат жоспарын өзгерту	13
Оянғанда құпия сөзбен қорғауды орнату	13
Сыртқы айнымалы ток қуатын пайдалану	14
Айнымалы ток адаптерін қосу	14
Батарея қуатын пайдалану	15
Қалған батарея зарядын көрсету	15
Батареяны кірістіру немесе жою	15
Батареяны зарядтау	16
Батареяның тауысылу уақытын ұлғайту	17
Төмен батарея деңгейлерін басқару	17
Төмен батарея деңгейлерін анықтау	18

Төмен батарея деңгейін шешу	19
Сыртқы қуат қолданылғанда төмен батарея деңгейін шешу	19
Зарядталған батарея қол жетімді болғанда төмен батарея деңгейін шешу	19
Ешқандай қуат көзі қол жетімді болмағанда төмен батарея деңгейін шешу	19
Компьютер күту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу	19
Батареяны тексеруден өткізу	19
1-қадам: Батареяны толығымен зарядтау	19
2-қадам: Күту күйін және ұйқы күйін ажырату	20
3-қадам: Батарея зарядының тауысылуы	21
4-қадам: Батареяны толығымен қайта зарядтау	21
5-қадам: Күту күйін және ұйқы күйін қайта қосу	22
Батарея қуатын үнемдеу	22
Батареяны сақтау	23
Қолданылған батареяны тастау	23
Компьютердің жұмысын аяқтау	23

3 Интернет

Сымды желіге қосылу	26
Сымсыз желіге қосылу	27
Сымсыз құрылғыларды қолдану	27
Сымсыз және желі күйінің белгішелерін анықтау	27
Сымсыз басқару элементтерін пайдалану	28
Сымсыз байланыс қосқышын пайдалану	28
HP Connection Manager бағдарламалық құралын пайдалану (таңдаулы модельдерде ғана)	28
HP Wireless Assistant бағдарламалық құралын пайдалану	29
WLAN құрылғысын қолдану	30
WLAN желісін орнату	30
WLAN желісін қорғау	30
WLAN желісіне қосылу	32
Басқа желіге роуминг	32
Мобильді кең ауқымды HP желісін пайдалану (таңдаулы модельдерде ғана)	33
SIM картасын салу	34
SIM картасын алып тастау	35
Мобильді кең ауқымды HP желісін теңшеу утилитасын пайдалану (таңдаулы модельдерде ғана)	36
Bluetooth сымсыз құрылғыларын қолдану	37
Bluetooth және Интернетке қосылуды ортақ пайдалану (ICS)	37

4 Мультимедиа

Мультимедиа мүмкіндіктері	38
---------------------------------	----

Мультимедиалық бөліктерді анықтау	38
Дыбыс деңгейін реттеу	40
Мультимедиа бағдарламалық құралдары	42
Басқа да алдын ала орнатылған мультимедиа бағдарламалық құралдарын пайдалану	42
Мультимедиа бағдарламалық құралын Интернеттен орнату	42
Аудио	43
Сыртқы аудио құрылғыларын қосу	43
Аудио функцияларын тексеру	43
Бейне	45
Сыртқы монитор немесе проекторды жалғау	45
Веб-камера	46

5 Қауіпсіздік

Компьютерді қорғау	47
Құпия сөздерді пайдалану	47
Windows жүйесінде орнатылатын құпия сөздер	48
Орнату утилитасында орнатылатын құпия сөздер	49
Әкімші құпия сөзі	49
Әкімші құпия сөзін басқару	50
Әкімші құпия сөзін енгізу	50
Қосылғандағы құпия сөз	50
Қосылғандағы құпия сөзді басқару	51
Қосылғандағы құпия сөзді енгізу	51
Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану	52
Қалқан бағдарламалық құралын пайдалану	53
Критикалық жаңартуларды орнату	54

6 Сандық карталар

Сандық картаны енгізу	55
Сандық картаны шығарып алу	56

7 USB құрылғылары

USB құрылғысын пайдалану	57
USB құрылғысын жалғау	57
USB құрылғысын ажырату	58

8 Меңзегіш құрылғылар және пернетақта

Меңзегіш құрылғының басымдықтарын орнату	59
Меңзегіш құрылғыларды пайдалану	59
TouchPad құрылғысын пайдалану	59
Сыртқы тінтуірді жалғау	59
пернетақтаны пайдалану	59

Пернелер тіркесімдерін пайдалану	59
Ұйқы күйін қосу	60
Экранды ауыстыру	61
Экран жарықтығын төмендету	61
Экран жарықтығын ұлғайту	61
QuickLock құралын іске қосу	61
Үндеткіш дыбысын өшіру	62
Үндеткіш дыбысын төмендету	62
Үндеткіш дыбысын жоғарылату	62

9 Диск жетектері

Орнатылған диск жетектерін анықтау	63
Диск жетектерін ұстау	63
Сыртқы диск жетектерін пайдалану	64
Қосымша сыртқы диск жетектерін пайдалану	65
Оптикалық диск жетектерін ортақ пайдалану	65

10 Жад модульдері

11 Бағдарламалық құралды жаңарту

BIOS нұсқасын жаңарту	71
BIOS нұсқасын анықтау	71
BIOS жаңартуын жүктеп алу	71
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту	73

12 Орнату утилитасы

Орнату утилитасын бастау	74
Орнату утилитасын пайдалану	74
Орнату утилитасының тілін өзгерту	74
Орнату утилитасында шарлау және таңдау	75
Жүйе ақпаратын көрсету	75
Орнату утилитасында әдепкі параметрлерді сақтау	75
Орнату утилитасынан шығу	76
Орнату утилитасы мәзірі	76
Негізгі мәзір	76
Қауіпсіздік мәзірі	76
Жүйе теңшелімі мәзірі	76
Диагностикалау мәзірі	77

Индекс	78
---------------------	-----------

1 Бөліктерді білу

Жабдық анықтау

Компьютермен бірге жабдықталатын бөліктер аудан және модельге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Компьютер модельдерінің басым бөлігі жабдықталатын стандартты функциялар осы тараудағы суреттерде көрсетіледі.


Компьютерде орнатылған жабдықтардың тізімін көру үшін

- ▲ **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) тармақтарын таңдаңыз. Системная область (Жүйелік аймақтағы) **Диспетчер устройств** (Құрылғылар реттеушісі) белгішесін нұқыңыз.

Сондай-ақ құрылғылар реттеушісін қолдану арқылы жабдықты немесе компьютер теңшелімдерін қосуға болады.

Жоғарғы бөліктері

TouchPad




Бөлік	Сипаттама
(1)	TouchPad панелінің сол жақ түймешігі* Функциялар сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігінің функцияларына ұқсайды.
(2)	TouchPad* Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе белсендіреді.
(3)	Сенсорлы панельдегі айналдыру аумағы Жоғары немесе төмен қарай жылжытады.

(4)	TouchPad панелінің оң жақ түймешігі*	Функциялар сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігінің функцияларына ұқсайды.
-----	--------------------------------------	---


*Осы кестеде зауыттық параметрлер көрсетіледі. Меңзегіш құрылғы теңшелімдерін көрсету немесе өзгерту үшін **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) тармақтарын таңдаңыз. Одан кейін компьютеріңіз болып келетін құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Найтройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.



Шам




Бөлік	Сипаттама
Caps Lock шамы	Қосұлы: Caps lock қосұлы.





Пернелер




Бөлік		Сипаттама
(1)	Функциялық пернелер	fn пернесімен бірге басылған кезде жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(2)	fn пернесі	Функция пернесімен бірге басылған кезде жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(3)	 Windows® логотипі бар перне	Windows жүйесінің Пуск (Бастау) мәзірін көрсетеді.
(4)	 Windows қолданбалар пернесі	Меңзердің астындағы элементтер үшін төте мәзірін көрсетеді.





Алдыңғы жағындағы бөліктер




Бөлік	Сипаттама
(1)  Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none"> • Қосулы: Компьютер қосулы. • Жыпылықтау: Компьютер ұйқы күйінде. • Өшірулі: Компьютер өшірулі немесе күту күйінде.
(2) Қуат қосқышы	<ul style="list-style-type: none"> • Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін қосқышты жылжытыңыз. • Компьютер қосулы болғанда, күту күйін қосу үшін қосқышты аз уақыт жылжытыңыз. • Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін қосқышты аз уақыт жылжытыңыз. • Компьютер күту күйінде болғанда, күту күйінен шығу үшін қосқышты аз уақыт жылжытыңыз. <p>Компьютер жауап беруді тоқтатса және Windows жүйесін өшіру іс реті тиімсіз болса, компьютерді өшіру үшін қуат қосқышын жылжытып, кем дегенде 5 секунд ұстап тұрыңыз.</p> <p>Қуат параметрлері туралы толық ақпарат алу үшін, Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Параметры электропитания (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.</p>
(3)  Диск шамы	Жыпылықтау: Диск жетегі немесе флэш карта жетегі қолданылуда.
(4)  Батарея шамы	<ul style="list-style-type: none"> • Қосулы: Батарея зарядталуда. • Жыпылықтау: Жалғыз қуат көзі болып табылатын батарея заряды төмен деңгейге жетті. Батарея заряды өрескел деңгейге жеткен кезде батарея шамы жиі-жиі жыпылықтай бастайды. • Өшірулі: Егер компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған болса, шам компьютердегі барлық батареялар толығымен зарядталғаннан кейін өшіріледі. Егер компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған болса, шам батарея төмен деңгейге жеткенше өшірулі қалады.
(5)  Сымсыз байланыс шамы	<ul style="list-style-type: none"> • Көк: Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы және/немесе Bluetooth® құрылғысы сияқты кірістірілген сымсыз құрылғы қосулы: • Сары: Сымсыз құрылғылар өшірулі.
(6) Сымсыз байланыс қосқышы	<p>Сымсыз байланыс функциясын қосады да ажыратады, бірақ сымсыз байланысты орнатпайды.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Сымсыз байланысты орнату үшін сымсыз желіні теңшеу қажет.</p>



Оң жақтағы бөліктер





Бөлік	Сипаттама
(1)  USB порттары (2)	Қосымша USB құрылғыларын қосады.
(2)  Сандық медиа ұясы	Келесі қосымша сандық карталар пішімдерін қолданады: <ul style="list-style-type: none"> • Жад картасы (MS) • MS/Pro • Мультимедиа картасы (MMC) • Қауіпсіз сандық (SD) жад картасы • xD-Сурет картасы
(3)  Сыртқы монитор порты	Монитор немесе проектор сияқты қосымша сыртқы дисплейді компьютерге қосады.
(4)  RJ-45 (желі) ұясы	Желі кабелін қосады.


Сол жақтағы бөліктер



Бөлік	Сипаттама
(1)  Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Оптикалық қауіпсіздік кабелін компьютерге тіркейді. ЕСКЕРІМ: Қауіпсіздік кабелі қауіпсіздік ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қарау немесе оны ұрланудан қорғамайды.
(2)  Қуат қосқышы	Айнымалы ток адаптеріне қосылады.


Бөлік	Сипаттама
(3) Айнымалы ток адаптерінің шамы	<ul style="list-style-type: none"> • Қосулы: Компьютер сыртқы қуатқа қосылады. • Өшірулі: Компьютер сыртқы қуатқа қосылған жоқ.
(4) Ауа өткізгіш саңылаулар	<p>Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қосады.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс.</p>
(5)  USB порты	Оптикалық USB құрылғысына қосылады.
(6)  Аудио шығыс (құлақпап) ұясы/Аудио кіріс (микрофон) ұясы	<p>Қосымша тоққа қосылатын стерео үндеткіштерге, құлақаспаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға не теледидар дыбысына қосылған кезде дыбыс шығарады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады.</p> <p>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жеке басқа зақым келтіру қаупін азайту үшін, құлақаспаптарды, тығын тәріздес құлақаспаптарды, гарнитураны киместен бұрын дыбысты лайықтаңыз. Қосымша қауіпсіз ақпаратты <i>Защита, безопасность и экология</i> ескертулер бөлімінен қараңыз.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Аудио бөлігі ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p> <p>Аудио бөлігінің кабелі 4 сымды қосқышпен жабдықталуы тиіс.</p>


Дисплей бөліктері




Бөлік	Сипаттама
(1) Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.
(2) Ішкі дисплей қосқышы	Егер дисплей қуат қосылған кезде жабылған болса, оны өшіреді. ЕСКЕРІМ: Дисплей қосқышы компьютердің сыртынан көрінбейді.
(3) Веб-камера	Фото суреттер және бейне жасауға арналған. ЕСКЕРІМ: Бейне жасау үшін қосымша веб-камера бағдарламалық құралын орнату қажет.
(4) Веб-камера шамы	Қосулы: Веб-камера қолданыста.
(5) Ішкі микрофон	Дыбысты жазады.


Төменгі бөліктер



Бөлік	Сипаттама
(1) Батарея ұясы	Батареяны ұстайды.
(2)  Батареяны босату ысырмалары (2)	Батарея ұясынан батареяны босатады.

Бөлік	Сипаттама
(3) Ауа өткізгіш саңылаулар	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қосады. ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс.
(4)  Жад модулі бөлімі	Жад модулі ұясын қамтиды.

Сымсыз антенналар



Бөлік	Сипаттама
(1) WWAN антенналары (2) (таңдаулы модельдерде ғана)*	Сымсыз жаһандық желілермен (WWAN) байланыста болу үшін сымсыз байланыс сигналдарын жібереді де қабылдайды.
(2) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз жергілікті желілермен (WLAN) байланыста болу үшін сымсыз байланыс сигналдарын жібереді де қабылдайды.

*Бұл антенналар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз.

Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын **Заңды**, **әуіпсіздік және экологиялық ескертулер** бөлімін қараңыз. Бұл құжатты оқу үшін **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) пәрмендерін таңдаңыз.

Қосымша жабдық бөліктері



Бөлік	Сипаттама
(1) Қуат шнуры*	Айнымалы ток адаптерін айнымалы ток розеткасына қосады.
(2) айнымалы ток адаптері	Айнымалы ток қуатын тұрақты ток қуатына түрлендіреді.
(3) Батарея*	Компьютер сыртқы қуат көзіне қосылмаған кезде, оған қуат береді.

*Түрлі елде және аймақта батареялардың және қуат шнурының көрінісі әртүрлі болады.

Жапсырмаларды анықтау

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютермен шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін.

- Техникалық сипаттама белгішесі - мыналарды қоса маңызды ақпаратты қамтиды:



- Өнім аты (1). Бұл компьютердің алдыңғы жағында орналасқан өнім атауы.
- Сериялы нөмірі (s/n) (2). Бұл әр өнімнің таңбалы-сандық бір мәнді ұқсатқышы.
- Бөлшек нөмірі/Өнім нөмірі (p/n) (3). Бұл нөмір өнімнің жабдық бөліктері туралы арнайы ақпаратты қамтиды. Бөлшек нөмірі қызмет көрсету бөлімінің технигіне қажетті құрамдастар мен бөлшектерді анықтауға көмектеседі.
- Модель сипаттамасы (4). Бұл компьютерге арналған құжаттар, драйверлер мен қолдау орталығын табу үшін қолданылатын нөмір.
- Кепілдік мерзімі (5). Бұл сан осы компьютердің кепілдік мерзімінің ұзақтығын (жылмен) білдіреді.

Техникалық қолдау орталығына хабарласқан кезде осы ақпарат қол жетімді болуы қажет. Техникалық сипаттама белгішесі бар жапсырма компьютердің астында орналасады.

- Microsoft® түпнұсқалық туралы куәлігі - Windows® өнім кілті туралы ақпаратты қамтиды. Өнім кілті амалдық жүйені жаңарту немесе ақаулықтарын жою үшін қажет болуы мүмкін. Куәлік компьютердің астында орналасады.
- Нормативтік ақпараты бар жапсырма - мыналарды қоса, компьютер туралы нормативтік ақпаратты қамтиды:
 - Қосымша сымсыз құрылғылар туралы және құрылғылар қолдану үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен аймақтардың мақұлдау таңбалары. Қосымша құрылғы сымсыз жергілікті желінің (WLAN) құрылғысы болуы мүмкін. Бұл ақпарат шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін.
 - Мобильді кең ауқымды HP модулінің (таңдаулы модельдерде ғана) сериялы нөмірі.

Нормативтік ақпараты бар жапсырма компьютердің астында орналасады.

2 Қуатты басқару

Қуат параметрлерін орнату

Қуатты үнемдеу күйлерін пайдалану

Компьютерде зауытта қосылған екі қуатты үнемдеу күйі бар: Ұйқы күйі және күту күйі.

Ұйқы күйі қосылғанда, қуат шамы жыпылықтап, экран тазарады. Жұмысыңыз жадқа сақталады. Күту күйінен шығумен салыстырғанда ұйқы күйінен шығуға аз уақыт қажет. Компьютер ұзақ мерзім үшін ұйқы күйінде болғанда немесе ұйқы күйі кезінде батарея өте төмен деңгейге жеткенде, компьютер күту күйіне қосылады.

Күту күйі қосылғанда, жұмыс қатты дискідегі күту файлына сақталады және компьютер өшіріледі.

△ **ЕСКЕРТУ:** Аудио және видео файлдарының мүмкін төмендеулерін, аудио немесе видео ойнату жұмысының жоғалуын немесе ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, дискіден не сыртқы медиа картасынан оқу немесе оған жазу кезінде ұйқы немесе күту күйін қоспаңыз.

📝 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер ұйқы күйінде немесе күту күйінде болғанда, желі қосылымының кез келген түрін қосуға немесе компьютердің кез келген жұмысын орындай алмайсыз.

Ұйқы күйін қосу және одан шығу

Батареяның қуаты іске қосылғанда, жүйе зауытта белсенді болмаудың 15-ші минутында және сыртқы қуатпен іске қосылғанда, белсенді болмаудың 30-шы минутында ұйқы күйіне қосылуға орнатылған.

Қуат параметрлері мен үзілістерді Windows жүйесінің Панель управления (Басқару тақтасындағы) Параметры электропитания (Қуат параметрлерін) қолдану арқылы өзгертуге болады.


Компьютер қосулы болғанда келесі жолдардың кез келгенін қолданып ұйқы күйін қосуға болады:

- **fn+f1** пернесін басыңыз.
- **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) түймешігіне жақын орналасқан көрсеткіні нұқып, одан кейін **Спящий режим** (Ұйқы) түймешігін басыңыз.

Ұйқы күйінен шығу үшін


- ▲ Қуат қосқышын аз уақыт жылжытыңыз.

Компьютер ұйқы күйінен шыққанда, қуат шамы қосылады және экран жұмыс істеуді аяқтаған жерге қайтарылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер ұйқы күйінен шыққанда құпия сөздің сұралуын орнатқан болсаңыз, жұмысыңыз экранға қайтарылғанша Windows құпия сөзін теру қажет.

Күту күйін қосу және одан шығу

Жүйе зауытта екі бірдей батарея қуатында және сыртқы қуатта іске қосылғанда немесе батарея өте төмен батарея деңгейіне жеткенде, белсенді болмаудың 1080 уақытынан кейін күту күйіне қосылуға орнатылған.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған кезде күту күйіне қосылмайды.

ЕСКЕРІМ: Ақпарат жоғалту қаупін азайту үшін жұмысыңызды жиі сақтаңыз.

Қуат параметрлері мен үзілістерді Windows жүйесінің Панель управления (Басқару тақтасындағы) Параметры электропитания (Қуат параметрлерін) қолдану арқылы өзгертуге болады.


Күту күйін қосу үшін:

- ▲ **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) түймешігіне жақын орналасқан көрсеткіні нұқыңыз, одан кейін **Перейти в ждущий режим** (Күту күйіне өту) белгішесін нұқыңыз.

Күту күйінен шығу үшін:

- ▲ Қуат қосқышын аз уақыт жылжытыңыз.

Компьютер күту күйінен шыққанда, қуат шамы қосылады және экран жұмыс істеуді аяқтаған жерге қайтарылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер күту күйінен шыққанда құпия сөздің сұралуын орнатқан болсаңыз, жұмысыңыз экранға қайтарылғанша Windows құпия сөзін теру қажет.

Қуат жоспарын пайдалану

Қуат жоспары компьютердің қуатты пайдалану жолын басқаратын жүйе параметрлерінің жинағы. Қуат жоспарлары қуатты үнемдеуге немесе компьютердің жұмысын арттыруға көмектесуі мүмкін.

Мына қуат жоспарлары қолданылады:

- Портативті/ноутбук (ұсынылады)
- Үйдегі/Кеңсе компьютері
- Көрсетілім
- Өрқашан қосұлы
- Қуатты аз ғана басқару
- Максималды батарея

Қуат жоспарларының теңшелімін Параметры электропитания (Қуат параметрлері) астында өзгертуге болады.

Ағымдағы қуат жоспарын қарап шығу

- ▲ Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Индикатор батарея** (Батарея санауышы) белгішесін нұқыңыз.

– немесе –

Пуск (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.

Әртүрлі қуат жоспарын таңдау

- ▲ Хабарландыру аймағында орналасқан **Индикатор батарей** (Батарея санауышы) белгішесін нұқып, тізімнен қуат жоспарын таңдаңыз.

– немесе –

Пуск (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз және одан кейін тізімнен қуат жоспарын таңдаңыз.

Қуат жоспарын өзгерту

1. Хабарландыру аймағында орналасқан **Индикатор батарей** (Батарея санауышы) белгішесін нұқып, **Дополнительные параметры электропитания** (Қосымша қуат параметрлері) параметрін таңдаңыз.

– немесе –

Пуск (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.

2. Қуат жоспарын таңдаңыз, одан кейін **Изменить параметры схемы питания** (Жоспар параметрлерін өзгерту) түймешігін басыңыз.
3. Қажетінше параметрлерді өзгертіңіз.
4. Қосымша параметрлерді өзгерту үшін, **Изменить дополнительные параметры питания** (Қосымша қуат параметрлерін өзгерту) тармағын таңдаңыз да, өзгертулерді енгізіңіз.

Оянғанда құпия сөзбен қорғауды орнату

Компьютер ұйқы немесе күту күйінен шыққанда, компьютерде құпия сөз сұралуын орнату үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақта **Запрашивать пароль при пробуждении** (Оянғанда құпия сөз сұрау) тармағын таңдаңыз.
3. **Изменение параметров, недоступных в данный момент** (Қазіргі уақытта қол жетімді емес параметрлерді өзгерту) параметрін таңдаңыз.
4. **Запрашивать пароль (рекомендуется)** (Құпия сөз сұрау (ұсынылады)) параметрін таңдаңыз.
5. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) түймешігін басыңыз.

Сыртқы айнымалы ток қуатын пайдалану

Сыртқы айнымалы қуат төмендегі құрылғылардың бірі арқылы беріледі:

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Мүмкін сақтық шараларына қатысты мәселелерді болдырмау үшін, компьютермен қамтамасыз етілетін айнымалы ток адаптерін, HP қамтамасыз ететін ауыстырғыш айнымалы ток адаптерін немесе HP компаниясынан сатып алынған айнымалы ток адаптерін ғана пайдаланыңыз.

- Бекітілген айнымалы ток адаптері
- Қосымша қондыру құрылғысы немесе қосымша кеңейту өнімі

Төмендегі жағдайлардың кез келгенінде компьютерді сыртқы айнымалы ток қуатына қосыңыз:

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда компьютер батареясын зарядтаңыз.

- Батареяны зарядтағанда немесе тексергенде
- Жүйе бағдарламалық құралын орнатқанда немесе өзгерткенде
- Ақпаратты ықшам дискіге немесе DVD дискісіне жазғанда

Компьютерді сыртқы айнымалы токқа қосқанда, төмендегі жағдайлар туындайды:

- Батарея зарядталуды бастайды.
- Компьютер қосылғанда, хабарландыру аймағындағы батарея санаушының белгішесі көрінісін өзгертеді.

Компьютерді сыртқы айнымалы токтан ажыратқанда, төмендегі жағдайлар туындайды:

- Компьютер батарея қуатын қосады.
- Дисплей жарықтығы батареяның қызмет ету мерзімін сақтау үшін, автоматты түрде төмендетіледі. Дисплей жарықтығын жоғарылату үшін, **fn+f4** пернелер тіркесімін басыңыз немесе айнымалы ток адаптерін қайта қосыңыз.

Айнымалы ток адаптерін қосу

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогына түсу немесе жабдыққа зиян келтіру қаупін азайту үшін:

Қуат сымын барлық уақытта оңай қолданылатын жердегі айнымалы ток розеткасына жалғаңыз.


Компьютерді электр тогынан ажыратқан кезде қуат сымын (компьютерден ажыратпаңыз) айнымалы ток розеткасынан ажыратыңыз.

Қуат сымы үш істікшелі ажыратқышпен берілсе, оны (жерге қосылған) үш істікшелі розеткаға қосыңыз. Қуат сымының жерге қосу істікшесін, мысалы, 2 істікшелі адаптер пайдалану арқылы ажыратуға болмайды. Қауіпсіз жұмыс істеу үшін жерге қосу өте маңызды болып табылады.

Компьютерді сыртқы қуат көзіне қосу үшін мына әрекеттерді жүзеге асырыңыз:

1. Айнымалы ток адаптерін компьютердегі қуат қосқышына **(1)** жалғаңыз.
2. Қуат сымын айнымалы ток адаптеріне **(2)** жалғаңыз.

3. Қуат сымының басқа ұшын айнымалы ток розеткасына (3) жалғаңыз.



Батарейя қуатын пайдалану

Зарядталған батарея компьютерде болған кезде және компьютер сыртқы қуатқа жалғанбаған болса, компьютер батарея қуатын іске қосады. Компьютер сыртқы айнымалы ток қуатына қосылғанда, компьютер айнымалы ток қуатын іске қосады.

Компьютерде зарядталған батарея болса және айнымалы ток адаптері арқылы берілген сыртқы айнымалы ток қуаты іске қосылса, компьютерден айнымалы ток адаптері ажыратылғанда, компьютер батарея қуатын қосады.

ЕСКЕРІМ: Айнымалы ток қуатын ажыратқанда, батареяның қызмет ету мерзімін сақтау үшін, дисплей ашықтығы төмендейді. Дисплей жарықтығын жоғарылату үшін, **fn+f4** пернелер тіркесімін басыңыз немесе айнымалы ток адаптерін қайта қосыңыз.

Жұмыс істеу жолына байланысты батареяны компьютерде немесе қоймада сақтауға болады. Компьютер айнымалы ток қуатына қосылған болса да батареяны компьютерде сақтау батареяны зарядтайды және де қуат берілмей қалған жағдайда жұмысты қорғайды. Дегенмен, компьютер өшірілгенде және сыртқы қуаттан ажыратылғанда компьютердегі батарея жайлап таусылады.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Мүмкін сақтық шараларына қатысты мәселелерді болдырмау үшін, компьютермен қамтамасыз етілетін батареяны, HP қамтамасыз ететін ауыстырғыш батареяны немесе HP компаниясынан сатып алынған батареяны ғана пайдаланыңыз.

Қуатты басқару параметрлеріне, компьютерде іске қосылған бағдарламаларға, дисплей ашықтығына, компьютерге жалғанған сыртқы құрылғыларға және басқа да факторларға байланысты компьютер батареясының қызмет ету мерзімі әртүрлі болады.

Қалған батарея зарядын көрсету


- ▲ Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Индикатор батарея** (Батарея санауышы) белгішесінің үстіне меңзерді жылжытыңыз.

Батареяны кірістіру немесе жою

ЕСКЕРТУ: Жалғыз қуат көзі болатын батареяны алып тастау ақпараттың жоғалуын тудыруы мүмкін. Ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, жұмысыңызды сақтап, күту күйін қосыңыз немесе батареяны алып тастамас бұрын, компьютерді Windows арқылы өшіріңіз.


Батарейаны салу үшін:

1. Компьютерді қатты жерде төңкеріңіз.
2. Батарейадағы көрсеткілерді компьютердегі кетіктермен туралап, оны батарея бөліміне орналастырыңыз. Батарейаны босату ысырмалары батареяны оның орнына автоматты түрде орналастырады.



Батарейаны алу үшін

1. Компьютерді қатты жерде төңкеріңіз.
2. Батарейаны босату үшін батареяны босату ысырмаларын (1) жылжытып, батареяны (2) алып тастаңыз.



Батарейаны зарядтау

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда компьютер батареясын зарядтаңыз.


Батарея компьютер айнымалы ток адаптері, қосымша қуат адаптері, қондыру құрылғысы немесе қосымша кеңейту өнімі арқылы жалғанған кездегі барлық жағдайда зарядталады.

Компьютер өшірілген болса да не қолданыста болса да батарея зарядталады, бірақ компьютер өшірілген кезде ол тез зарядталады.

Батарея жаңа болғанда, 2 немесе одан көп апта бойына қолданылмағанда немесе бөлме температурасынан жылырақ не салқынырақ болғанда, зарядталу ұзағырақ уақыт алуы мүмкін.

Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту және батарея заряды дисплейлерінің нақтылығын оңтайландыру үшін осы ұсыныстарды орындаңыз:

- Жаңа батареяны зарядтаған кезде, компьютерді қоспас бұрын оны толық зарядтаңыз.
- Батарея шамы сөнгенше, батареяны зарядтаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Батарея зарядталып жатқанда компьютер қосулы болса, хабарландыру аймағындағы батарея санауышы батарея толығымен зарядталғанша 100 пайыз зарядты көрсетуі мүмкін.

- Зарядтамастан бұрын қалыпты қолданыста батареяның толық зарядтың 5 пайызынан төмен таусылуына мүмкіндік беріңіз.
- Батарея бір немесе одан да көп ай бойына қолданылмаса, оны қарапайым зарядтаудың орнына батареяны тексеріңіз.

Батарея шамы зарядтау күйін көрсетеді:

- Қосулы: Батарея зарядталуда.
- Жыпылықтау: Жалғыз қуат көзі болып табылатын батарея заряды төмен деңгейге жетті. Батарея заряды өрескел деңгейге жеткен кезде батарея шамы жиі-жиі жыпылықтай бастайды.
- Өшірулі: Батарея толығымен зарядталған, қолданыста немесе орнатылмаған.

Батареяның тауысылу уақытын ұлғайту

Батареяның тауысылу уақыты батарея қуатын пайдаланғанда қандай мүмкіндіктердің қолданылатынына байланысты әртүрлі болады. Ең көп тауысылу уақыты батареяның сақтық сыйымдылығы төмендейтіндіктен біртіндеп қысқарады.

Батареяның тауысылу уақытын ұлғайтуға арналған кеңестер:

- Дисплейдегі жарықтықты төмендетіңіз.
- Параметрлары электропитания (Қуат параметрлерінде) **Устройство экономии энергии** (Қуатты үнемдеу құралының) теңшелімін тексеріңіз.
- Компьютер қолданыста болмағанда немесе зарядталмағанда компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
- Батареяны салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.

Төмен батарея деңгейлерін басқару

Осы бөлімдегі ақпарат ескертулер мен зауытта орнатылған жүйе жауаптарын сипаттайды. Кейбір батареяның төмендігі туралы ескертулер мен жүйе жауаптарын Windows жүйесінің Панель управления (Басқару тақтасындағы) Параметрлары электропитания (Қуат параметрлерін қолдану

арқылы өзгертуге болады. Параметры электропитания (Қуат параметрлерін) қолдану басымдықтарының жиынтығы шамдарға әсер етпейді.

Төмен батарея деңгейлерін анықтау

Компьютердің жалғыз қуат көзі болатын батарея заряды төмен батарея деңгейіне жеткенде, батарея шамы жыпылықтайды.

Батареяның төмен деңгейіне әрекет жасалмаса, компьютер өрескел батарея деңгейіне өтеді және батареяның шамы жиі-жиі жыпылықтайды.

Өте төмен батарея деңгейі кезінде компьютер төмендегі әрекеттерді орындайды:

- Күту күйі қосылған кезде және компьютер қосулы немесе ұйқы күйінде болғанда, компьютерде күту күйі қосылады.
- Күту күйі ажыратылған кезде және компьютер қосулы немесе ұйқы күйінде болғанда, компьютер қысқа ұйқы күйіне өтеді және одан кейін өшіріліп, барлық сақталмаған ақпарат жоғалады.

Төмен батарея деңгейін шешу

△ **ЕСКЕРТУ:** Компьютер өте төмен батарея деңгейіне жеткенде және күту күйі қосылғанда, ақпараттың жоғалу қаупін болдырмау үшін, қуат шамы сөнгенше қуатты қалпына келтірмеңіз.

Сыртқы қуат қолданылғанда төмен батарея деңгейін шешу

- ▲ Төмендегі құрылғылардың бірін қосыңыз:
 - айнымалы ток адаптері
 - Қосымша кеңейту өнімі немесе қондыру құрылғысы
 - Қосымша қуат адаптері

Зарядталған батарея қол жетімді болғанда төмен батарея деңгейін шешу

1. Компьютерді өшіріңіз немесе күту күйін қосыңыз.
2. Заряды таусылған батареяны алып тастап, зарядталған батареяны кірістіріңіз.
3. Компьютерді қосыңыз.

Ешқандай қуат көзі қол жетімді болмағанда төмен батарея деңгейін шешу

- ▲ Күту күйін қосыңыз.
 - немесе –
- Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.

Компьютер күту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу

Күту күйінен шығу үшін компьютерде қажетті қуат жетпеген кезде, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Зарядталған батареяны салыңыз немесе компьютерді сыртқы қуат көзіне жалғаңыз.
2. Күту күйінен қуат қосқышын жылдам жылжыту арқылы шығыңыз.

Батареяны тексеруден өткізу

Төмендегі жағдайларда батареяны тексеруден өткізіңіз:

- Батарея заряды анық емес болып көрінгенде
- Батареяның жұмыс істеу уақытында маңызды өзгерісті байқағанда

Батарея ауыр қолданылғанда да, оны айына бір реттен көп тексеруден өткізу қажет емес. Жаңа батареяны да тексеруден өткізудің қажеті жоқ.

1-қадам: Батареяны толығымен зарядтау

△ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда компьютер батареясын зарядтамаңыз.

📖 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер өшірілген болса да не қолданыста болса да батарея зарядталады, бірақ компьютер өшірілген кезде ол тез зарядталады.

Батареяны толығымен зарядтау үшін

1. Компьютерге батареяны салыңыз.
2. Компьютерді айнымалы ток адаптеріне, қосымша қуат адаптеріне, қосымша кеңейту өніміне немесе қосымша қондыру құрылғысына қосыңыз және адаптер не құрылғыны сыртқы қуат көзіне жалғаңыз.

Компьютердегі батарея шамы қосылады.

3. Компьютердің батареясы толығымен зарядталғанша сыртқы қуат көзіне жалғанған күйде қалдырыңыз.

Компьютердегі батарея шамы өшеді.

2-қадам: Күту күйін және ұйқы күйін ажырату

1. Хабарландыру аймағында орналасқан **Индикатор батарея** (Батарея санауышы) белгішесін нұқып, **Дополнительные параметры электропитания** (Қосымша қуат параметрлері) параметрін таңдаңыз.

– немесе –

Пуск (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.

2. Ағымдағы қуат жоспарының астынан **Изменить параметр схемы питания** (Жоспар параметрін өзгерту) түймешігін басыңыз.
3. Тексеруден өткізгеннен кейін оларды қайта орнатуға болатындай **От батареи** (Батареядан) бағанында тізімделген **Отключать дисплей** (Дисплейді өшіру) параметрлерін жазыңыз.
4. **Отключать дисплей** (Дисплейді өшіру) параметрлерін **Никогда** (Ешқашан) параметріне өзгертіңіз.
5. **Изменить дополнительные параметры питания** (Қосымша қуат параметрлерін өзгерту) параметрін таңдаңыз.
6. **Ждущий** (Ұйқы) параметрі жанындағы қосу таңбасын нұқып, одан кейін **После перейти на спящий режим** (Кейін күту күйіне өту) параметрінің жанындағы қосу таңбасын нұқыңыз.
7. Тексеруден өткізгеннен кейін оларды қайта орнатуға болатындай **После перейти на спящий режим** (Кейін күту күйіне өту) параметрінің астынан **От батареи** (Батареядан) параметрін жазыңыз.
8. **От батареи** (Батареядан) параметрлерін **Никогда** (Ешқашан) параметріне өзгертіңіз.
9. **ОК** түймешігін басыңыз.
10. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) түймешігін басыңыз.

3-қадам: Батарея зарядының тауысылуы

Батареяның заряды тауысылғанда компьютер қосулы күйде болуы қажет. Батарея компьютер қолданылғанда да, қолданылмағанда да тауысылады, бірақ батареяның заряды оны қолданған кезде жылдамырақ тауысылады.

- Заряды тауысылатын кезде компьютерді бақылаусыз қалдыруды жоспарласаңыз, заряды тауысылу үрдісі басталғанша ақпаратты сақтаңыз.
- Компьютер кездейсоқ заряды тауысылатын үрдіс кезінде болса және қуат үнемдеу уақытының бітуі жақын болса, заряд тауысылу үрдісі кезінде жүйеден төмендегі әрекеттерді күтіңіз:
 - Монитор автоматты түрде өшірілмейді.
 - Қатты дискі жылдамдығы компьютер қолданылмаған кезде автоматты түрде баяудатылмайды.
 - Жүйе күту күйіне ауыспайды.

Батареяның заряды тауысылуы үшін

1. Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз, бірақ компьютерді шірмеіз.
2. Батареяның заряды тауысылғанша компьютерді батарея қуатынан іске қосыңыз. Батарея заряды төмен деңгейге дейін тауысылғанда, батарея шамы жыпылықтауды бастайды. Батарея заряды тауысылғанда, батарея шамы өшіп, компьютер де өшіріледі.

4-қадам: Батареяны толығымен қайта зарядтау

Батареяны қайта зарядтау үшін

1. Компьютердің батареясы толығымен қайта зарядталғанша компьютерді сыртқы қуат көзіне жалғаңыз және сыртқы қуатты сақтаңыз. Батарея қайта зарядталғанда, компьютердегі батарея шамы өшіріледі.

Батарея қайта зарядталғанда компьютерді қолдануға болады, бірақ компьютер өшірілген кезде батарея тезірек зарядталады.

2. Компьютер өшіріліп тұрса, батарея толық зарядталғанда және батарея шамы өшкенде оны қосыңыз.

5-қадам: Күту күйін және ұйқы күйін қайта қосу

△ **ЕСКЕРТУ:** Тексеруден өткізгеннен кейін күту күйін қайта қосудың орындалмауы нәтижесінде толық батареяның таусылуы және компьютер өте төмен батарея деңгейіне жеткенде ақпарат жоғалуы мүмкін.

1. Хабарландыру аймағында орналасқан **Индикатор батарея** (Батарея санауышы) белгішесін нұқып, **Дополнительные параметры электропитания** (Қосымша қуат параметрлері) параметрін таңдаңыз.

– немесе –
Пуск (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.
2. Ағымдағы қуат жоспарының астынан **Изменить параметры схемы питания** (Жоспар параметрлерін өзгерту) түймешігін басыңыз.
3. **От батареи** (Батареядан) бағанында элементтер үшін жазылған параметрлерді қайта енгізіңіз.
4. **Изменить дополнительные параметры питания** (Қосымша қуат параметрлерін өзгерту) параметрін таңдаңыз.
5. **Ждущий** (Ұйқы) параметрі жанындағы қосу таңбасын нұқып, одан кейін **После перейти на спящий режим** (Кейін күту күйіне өту) параметрінің жанындағы қосу таңбасын нұқыңыз.
6. **От батареи** (Батареядан) бағаны үшін жазылған параметрлерді қайта енгізіңіз.
7. **ОК** түймешігін басыңыз.
8. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) түймешігін басыңыз.

Батарея қуатын үнемдеу

- Windows жүйесінің Панель управления (Басқару тақтасындағы) **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) астындағы қуат параметрлері арқылы қуат үнемдеу құралының қуат жоспарын таңдаңыз.
- Сымсыз және жергілікті желі (LAN) қосылымдарын ажыратып, оларды қолданбаған кезде модем бағдарламалық құралынан шығыңыз.
- Оларды қолданбаған кезде сыртқы қуат көзінен ажыратылмаған сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
- Пайдаланылмайтын кез келген медиа карталарын тоқтатыңыз, ажыратыңыз немесе жойыңыз.
- Қажетінше экран жарықтығын реттеу үшін, **fn+f3** және **fn+f4** пернелер тіркесімін пайдаланыңыз.
- Жұмысты тоқтатқан кезде ұйқы күйін немесе күту күйін қосыңыз немесе компьютерді сөндіріңіз.

Батареяны сақтау

△ **ЕСКЕРТУ:** Батареяға зақым келтірмес үшін, ұзақ мерзімге ыстық температураға қалдырмаңыз.

Егер компьютер пайдаланылмайтын болса және сыртқы қуат көзінен 2 аптадан көп уақытқа ажыратылған болса, батареяны шығарып алып, оны бөлек сақтаңыз.

Сақталған батареяның зарядын ұзарту үшін, оны салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.

📖 **ЕСКЕРІМ:** Сақталған батареяны әрбір 6 ай сайын тексеру қажет. Егер сыйымдылығы 50 пайыздан төмен болса, қайта сақтаудан бұрын батареяны қайта зарядтаңыз.

Бір ай немесе одан да көп уақытқа сақталған болса, батареяны тексеруден өткізіңіз.

Қолданылған батареяны тастау

△ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Өрт шығу немесе күйік алу қаупін азайту үшін батареяны бөлшектеп алуға, бұзуға немесе тесуге болмайды; батареяның сыртқы түйіспелерін тұйықтамаңыз, батареяны отқа немесе суға тастамаңыз.

Батареяларды қоқысқа тастау туралы ақпарат алу үшін *Заңды*, *қауіпсіздік және экологиялы* ескертулерді қараңыз.

Компьютердің жұмысын аяқтау

△ **ЕСКЕРТУ:** Компьютер өшірілгенде сақталмаған ақпарат жойылады.

Завершение работы (Жұмысты аяқтау) пәрмені барлық ашық бағдарламаларды жабады, сондай-ақ амалдық жүйені және дисплей мен компьютерді де өшіреді.

Төмендегі жағдайлардың кез келгенінде компьютерді өшіріңіз:

- Батареяны ауыстыру немесе компьютер ішіндегі бөліктерді қолдану қажет болғанда
- USB портына қосылмаған сыртқы аппараттық құрылғыны қосқан кезде
- Компьютер қолданыста болмағанда және ұзақ мерзімге сыртқы қуаттан ажыратылғанда

Компьютердің жұмысын аяқтау үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

📖 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер ұйқы немесе күту күйінде болғанда, өшіру мүмкін болғанша ұйқы немесе күту күйінен шығу қажет.

1. Жұмысыңызды сақтап, барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.
2. **Пуск** (Бастау) түймешігін басыңыз.
3. **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) параметрін таңдаңыз.

Компьютер жауап бермесе және келесі өшіру үрдістерін пайдалану мүмкін болмаса, кезектілікте берілетін төтенше үрдістерді орындап көріңіз:

- **ctrl+alt+delete** пернелер тіркесімін басыңыз, одан кейін **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) белгішесін нұқыңыз.
- Қуат қосқышын жылжытып, кемінде 5 секундта басып тұрыңыз.
- Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратып, батареяны алып тастаңыз.

3 Интернет

Компьютер Интернетке қосылудың мына түрлерін қолдайды:

- Сымды - RJ-45 (желі) ұясын пайдалану арқылы кең ауқымды желіге қосылу арқылы Интернетке кіруге болады.
- Сымсыз - Интернетке мобильді кіру үшін сымсыз қосылымды пайдалана аласыз. Сымсыз желіні теңшеу немесе компьютерді бұрыннан бар желіге қосу туралы ақпаратты «Сымсыз желіге қосылу» бөлімінен қараңыз.

Сымды желіге қосылу

Жергілікті желіге (LAN) қосылу 8-істікшені, RJ-45 желілік кабелін (бөлек сатылады) талап етеді. Егер желі кабелінде ТД және радио толқындарының бөгеуілдерін болдырмайтын құрал (1) бар болса, кабельдің (2) бұл құрал орналасқан ұшын компьютерге қарай орналастырыңыз.



Желілік кабельді жалғау үшін

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Электр тогының соғуы, өрт шығуы немесе жабдыққа зиян келтіру қатерінен аулақ болу үшін, модем кабелін немесе телефон кабелін RJ-45 (желі) ұясына жалғамаңыз.

1. Желі кабелін компьютердегі желі ұясына (1) жалғаңыз.
2. Кабельдің басқа ұшын желі ұясына (2) жалғаңыз.



Сымсыз желіге қосылу

Сымсыз құрылғыларды қолдану

Сымсыз технология деректерді сым арқылы емес, радио толқындары арқылы тасымалдайды. Компьютер төмендегі сымсыз құрылғылардың бірімен жабдықталған болуы мүмкін:




- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы - Корпоративті кеңселерде, үйіңізде және әуежайлар, ресторандар, кофеханалар, қонақ үйлер және университеттер сияқты қоғамдық орындарда компьютерді сымсыз жергілікті желіге (жалпы Wi-Fi, сымсыз LAN немесе WLAN желілер болып табылады) қосады. WLAN желісінде әрбір мобильді сымсыз құрылғы сымсыз жол жоспарлағышымен немесе сымсыз кіру нүктесімен байланысады.
- Мобильді кең ауқымды HP модулі (таңдаулы модельдерде ғана) - сымсыз жаһандық желінің (WWAN) құрылғысы арқылы ақпаратқа мобильді желі операторының қызметі қолданылатын орындарда қатынас орнатылады. WWAN қосылымы пайдаланылған кезде әр мобильді құрылғы мобильді желі операторының негізгі стансасына сигнал жібереді. Мобильді желі операторлары негізгі стансалардың (ұялы телефон сигналдарын таратқыштарға ұқсас) желілерін бүкіл облыстар, аудандар немесе елдерде қызмет көрсету үшін түрлі орындарда орнатады.
- Bluetooth® құрылғысы - компьютерлер, телефондар, принтерлер, құлақсаптар, үндеткіштер және камералар сияқты басқа Bluetooth қосылған құрылғылармен байланысу үшін басқа жеке аймақтық желіні (PAN) жасайды. Дербес желі пайдаланылған кезде, әр құрылғы басқа құрылғылармен тікелей байланысады және құрылғылар бір-біріне жақын жерде - 10 метр (шамамен 33 фут) қашықтығында орналасуы тиіс.




Құрылғы мына IEEE өнеркәсіптік стандарттарын қолдайды:

- 802.11b, алғашқы танымал стандарт, секундына 11 мегапиксельден жоғары деректерді тасымалдау жылдамдығын қолданады және 2.4 ГГц жиілігінде жұмыс істейді.
- 802.11g секундына 54 мегапиксельден жоғары деректерді тасымалдау жылдамдығын қолданады және 2.4 ГГц жиілігінде жұмыс істейді. 802.11g WLAN құрылғысы 802.11b құрылғыларына кері үйлесімді, сондықтан бірдей желіде жұмыс істей алады.

Сымсыз технология туралы қосымша ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау орталығындағы веб-тораптар сілтемелерін және мәліметтерді қараңыз.

Сымсыз және желі күйінің белгішелерін анықтау

Белгіше	Атауы	Сипаттама
	Сымсыз (қосылған)	Сымсыз байланыс шамының орнын және компьютердегі сымсыз байланыс қосқышын анықтайды. Сонымен қатар, бір немесе бірнеше сымсыз құрылғының қосылуы болуын айқындайды.
	Сымсыз (ажыратылған)	Барлық сымсыз құрылғылардың өшірулі болуын көрсетеді.
	Сымсыз желінің қосылуы (қосылған)	Бір немесе бірнеше WLAN құрылғыларының желі қосылғандығын көрсетеді.

	Сымсыз желінің қосылуы ажыратылған)	Бір немесе бірнеше WLAN құрылғыларының желі ажыратылғандығын көрсетеді.
	Желі күйі (қосылған)	Бір немесе бірнеше LAN драйверлерінің орнатылғандығын және бір немесе бірнеше LAN құрылғыларының желіге қосылғандығын көрсетеді.
	Желі күйі (ажыратылған)	Бір немесе бірнеше LAN драйверлерінің орнатылғандығын, бірақ ешбір LAN құрылғыларының желіге қосылмағандығын көрсетеді.

Сымсыз басқару элементтерін пайдалану

Осы мүмкіндіктерді қолдану арқылы компьютердегі сымсыз құрылғыларды басқаруға болады:

- Сымсыз байланыс қосқышы
- Амалдық жүйе басқару элементтері

Сымсыз байланыс қосқышын пайдалану

Компьютерде сымсыз байланыс қосқышы, бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар және сымсыз байланыс шамы болады. Компьютердегі барлық сымсыз құрылғылар зауытта қосылған, сондықтан сымсыз байланыс шамы компьютерді қосқан кезде (көк) жанады.

Сымсыз байланыс шамы жеке құрылғылардың емес, сымсыз құрылғылардың жалпы қуат күйін анықтайды. Сымсыз байланыс шамы көк болса, кем дегенде бір сымсыз құрылғы қосылған. Егер сымсыз байланыс шамы сары түсті болса, сымсыз құрылғылар өшірілген.

Сымсыз құрылғылар зауытта қосылғандықтан, бірден сымсыз құрылғылардың барлығын қосу немесе ажырату үшін, сымсыз байланыс қосқышын қолдануға болады.

HP Connection Manager бағдарламалық құралын пайдалану (таңдаулы модельдерде ғана)

HP Connection Manager құралын WWAN желісіне компьютердегі HP Мобильді кең ауқымды құрылғысын (таңдаулы модельдерде ғана) пайдалану арқылы қосу үшін пайдалануға болады.

- ▲ Connection Manager құралын бастау үшін тапсырмалар тақтасының оң жағында орналасқан хабарландыру аймағындағы **Connection Manager** белгішесін нұқыңыз.


– немесе –

Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP Connection Manager (HP қосылуды реттеушісі) > HP Connection Manager (HP қосылуды реттеушісі) тармақтарын таңдаңыз.

Қосылуды реттеушіні пайдалану туралы егжей-тегжейлі мәліметтер алу үшін Қосылымды реттеушінің анықтамасын қараңыз.

HP Wireless Assistant бағдарламалық құралын пайдалану

Сымсыз құрылғыны Wireless Assistant бағдарламалық құралын пайдалану арқылы қосуға немесе ажыратуға болады. Егер сымсыз құрылғы орнату бағдарламасы арқылы ажыратылса, сымсыз құрылғы Wireless Assistant бағдарламалық құралын пайдалану арқылы қосылмас немесе ажыратылмас бұрын оны орнату бағдарламасы арқылы қайта қосу қажет.

 **ЕСКЕРІМ:** Сымсыз құрылғыны қосу немесе ажырату компьютерді желіге немесе Bluetooth® арқылы қосылған құрылғыға автоматты түрде қоспайды.

Сымсыз құрылғылардың күйін көру үшін **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін, яғни хабарландыру аймағының сол жағындағы көрсеткіні нұқыңыз және тінтуір меңзерін Сымсыз қосылым белгішесінің үстіне орналастырыңыз.

Егер сымсыз қосылым белгішесі хабарландыру аймағында көрсетілмесе, Wireless Assistant сипаттарын өзгерту үшін төмендегі қадамдар орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппарат және дыбыс) > **Центр мобильности Windows** (Windows мобильділік орталығы) тармақтарын таңдаңыз.
2. Windows® мобильділік орталығының төменгі қатарында орналасқан Wireless Assistant ұясындағы Сымсыз қосылым белгішесін нұқыңыз.
3. **Свойства** (Сипаттар) параметрін таңдаңыз.
4. **Значок Wireless Assistant в области уведомлений** (Хабарландыру аймағындағы Wireless Assistant белгішесі) құсбелгісін қойыңыз.
5. **Применить** (Қолдану) түймешігін басыңыз.
6. **Закрыть** (Жабу) түймешігін басыңыз.

Толық ақпарат алу үшін, Wireless Assistant бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз:

1. Wireless Assistant құралын Windows мобильділік орталығындағы Сымсыз қосылым белгішесін нұқу арқылы ашыңыз.
2. **Справка** (Анықтама) түймешігін басыңыз.

Орнатылған әр сымсыз құрылғыға арналған қосу/ажыратуды басқару элементтерін көрсету және құрылғыларды бөлек басқару үшін Wireless Assistant (Сымсыз реттеуші) бағдарламасының сипаттар тілқатысу терезесінде қолдануға болады. Қосу/ажыратуды басқару элементтерін көрсету үшін

1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Wireless Assistant** (Сымсыз реттеуші) белгішесін нұқыңыз.
2. **Свойства** (Сипаттар) параметрін таңдаңыз.
3. **Независимые элементы управления для установленных устройств беспроводной связи** (Орнатылған сымсыз байланыс құрылғыларын басқарудың ерікті элементтері) құсбелгісін қойып, **Применить** (Қолдану) түймешігін басыңыз.
4. Әр сымсыз байланыс құрылғысын бөлек басқару үшін **Включить** (Ажырату) немесе **Включить** (Қосу) құсбелгісін қойыңыз.

WLAN құрылғысын қолдану

WLAN құрылғысымен сымсыз жол жоспарлағышы немесе сымсыз кіру нүктесі арқылы байланыстырылған басқа құрылғылар мен керек-жарақтарға біріккен, сымсыз жергілікті желіге (WLAN) кіруге болады.

ЕСКЕРІМ: Сымсыз жол жоспарлағышы және сымсыз кіру нүктесі жиі өзара ауыстырылатын күйде қолданылады.

- Бірлескен немесе қоғамдық WLAN сияқты үлкен ауқым әдетте, құрылғылардың және керек-жарақтардың үлкен санына және бөлек өрескел желі функцияларына қызмет көрсете алатын сымсыз кіру нүктелерін пайдаланады.
- Үйдегі немесе кішкентай кеңседегі WLAN әдетте, интернет қосылымын, принтерді және жабдықтың немесе бағдарламалық құралдың қосымша бөліктерін талап етпейтін файлдарды ортақ пайдалану үшін бірнеше сымсыз және сымды құрылғыларға мүмкіндік беретін сымсыз жол жоспарлағышын пайдаланады.


Компьютерде WLAN құрылғысын қолдану үшін, WLAN инфрақұрылымына (қызмет провайдері немесе қоғамдық не біріккен желі арқылы берілген) қосылу қажет.

WLAN желісін орнату

WLAN құрылғысын орнату және Интернетке қосылу үшін, төмендегі жабдық қажет:

- Кең ауқымды модем (DSL немесе кабельді) **(1)** және Интернет қызметі провайдерінен сатып алынған жылдамдығы жоғары Интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағышы (бөлек сатылады) **(2)**
- Сымсыз құрылғы **(3)**

Төменде берілген суретте Интернетке қосылған сымсыз желінің орнатымы мысалға келтірілген.



Бұл желі құрылғыларының саны ұлғая түскенде, Интернетке кіретін қосымша сымсыз және сымды құрылғыларды желіге қосуға болады.

Сымсыз жергілікті желіні (WLAN) орнату туралы көмек алу үшін, жол жоспарлағышы немесе Интернет қызметін жеткізуші (ISP) арқылы берілген ақпаратты қараңыз.

WLAN желісін қорғау

WLAN стандарты тек шектелген қауіпсіздік мүмкіндіктерімен жасалғандықтан - негізінен шабуылдың күштірегінен кездейсоқ тыңдауға кедергі келтіру үшін - WLAN құрылғыларының жақсы танымал және жақсы құжатталған қауіпсіздік кемшіліктеріне бейім екенін түсіну маңызды.

Қоғамдық аймақтар немесе кофеханалар және әуежайлар сияқты адам көп аймақтар ешқандай қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді. Сымсыз өндірушілер мен байланыс орнының қызмет провайдерлері қоғамдық ортада қауіпсіздікті және жасырын болуды ұлғайтатын жаңа технологияларды жетілдіруде. Байланыс орнында компьютердің қауіпсіздігі туралы сенімді

болмасаңыз, өрескел емес электрондық пошта жіберу және негізгі Интернетте іздеу сияқты желі әрекеттерімен шектеңіз.

WLAN құрылғысын орнатқан немесе бар WLAN желісіне кірген кезде, әрқашан рұқсатсыз кіруден желіні қорғау үшін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қосыңыз. Жалпы қауіпсіздік деңгейлері WPA (Wi-Fi қорғалған кіру) мүмкіндігі-жеке және Wired Equivalent Privacy (WEP) болып табылады. Сымсыз радио сигналдары желі сыртында жүретіндіктен, басқа WLAN құрылғылары қорғалмаған сигналдарды қабылдауы және желіге қосылуы (шақырусыз) немесе ол арқылы жіберілетін ақпаратты иеленуі мүмкін. Дегенмен, WLAN желісін қорғау үшін, сақтық шараларын қолдануға болады:

- **Сымсыз сигнал таратқышты кірістірілген қауіпсіздікпен қолдану**

Көптеген сымсыз негіздегі станциялар, шлюздер, жол жоспарлағыштары сымсыз қауіпсіздік протоколдары және қалқандар сияқты кірістірілген қауіпсіздік мүмкіндіктерімен қамтамасыз етеді. Дұрыс сымсыз сигнал таратқышпен көптеген жалпы сымсыз қауіпсіздік қатерлерінен желіні қорғай аласыз.

- **Қалқанның артында жұмыс істеу**

Қалқан желіге жіберілген деректерді де, деректерге арналған сұраныстарды да тексеретін және кез келген сезікті элементтерден бас тартатын тосқауыл болып табылады. Қалқандар бағдарламалық құралда да, аппаратта да жұмыс істейді. Кейбір желілер екі түрдің бірігуін қолданады.


- **Сымсыз шифрлауды қолдану**

Күрделі шифрлау протоколдарының түрленуі WLAN құрылғысы үшін қолданылады. Желі қауіпсіздігі үшін ең тиімді шешімді табыңыз:

- **Wired Equivalent Privacy (WEP)** - WEP кілті арқылы тасымалданбас бұрын барлық желі деректерін кодтайтын және шифрлайтын сымсыз қауіпсіздік протоколдары. Әдетте, желіге WEP кілтін тағайындауға рұқсат бере аласыз. Басқаша, өз кілтіңізді орнатуға, басқа кілтті жасауға немесе басқа қосымша параметрлерді таңдауға болады. Дұрыс кілтсіз басқалар WLAN желісін қолдана алмайды.
- **WPA (Wi-Fi қорғалған кіру) мүмкіндігі**, WEP сияқты желі арқылы таратылатын деректерді шифрлау және шифрламау үшін қауіпсіздік параметрлерін қолданады. Дегенмен, шифрлаулар үшін WEP сияқты бір статикалық қауіпсіздік кілтті қолданудың орнына, WPA әрбір бума үшін көп сырлы жаңа кілтті жасау үшін, «уақытша кілтті біріктіру протоколын» (TKIP) қолданады. Бұл да желідегі әрбір компьютер үшін кілттердің әртүрлі жинақтарын жасайды.

- **Желіні жабу**

Мүмкін болса, желі атауының (SSID) сымсыз таратқыш арқылы таралуын болдырмаңыз. Бастапқыда желілердің басым бөлігі өз атауын жіберіп, жақын орналасқан компьютерлерге желіңіздің қолданылатынын көрсетеді. Желі жабылған кезде басқа құрылғыларға желіңіздің бар екенін анықтауға қиын болады.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер желі жабылған болса және SSID атауы жіберілмесе, желіге жаңа құрылғыларды қосу үшін SSID атауын білу немесе есте сақтау қажет. Желіні жабу алдында SSID атауын қағазға жазып, сақтық орнында сақтаңыз.

WLAN желісіне қосылу

WLAN желісіне қосылу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:


1. WLAN құрылғысының қосылғанын тексеріңіз. Қосылған болса, сымсыз байланыс шамы көк болады. Егер сымсыз байланыс шамы сары түсті болса, сымсыз байланыс қосқышын қосыңыз.
2. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан желі белгішесін нұқыңыз.
3. Тізімнен WLAN желісін таңдаңыз.
4. **Подключение** (Қосылу) түймешігін басыңыз.

Егер желі қауіпсіз қосылған WLAN желісі болса, сізден желі қауіпсіздік кілтін енгізу сұралады, бұл қауіпсіздік коды болып табылады. Кодты енгізіп, қосылымды аяқтау үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** WLAN құрылғылары тізімделген болса, сымсыз жол жоспарлағыш ауқымының немесе кіру нүктесінің сыртындасыз.

ЕСКЕРІМ: Егер қосылатын желіні көрмесеңіз, **Центр управления сетями и общим доступом** (Желілер мен ортақ кіруді басқару орталығы) пәрменін таңдап, **Настройка нового подключения или сети** (Жаңа қосылым немесе желіні теңшеу) түймешігін басыңыз.

5. Қосылым жасалғаннан кейін, тінтуір меңзерін қосылымның аты, жылдамдығы, күші мен күйін тексеру үшін тапсырмалар тақтасының оң жағында орналасқан хабарландыру аймағындағы сымсыз желіге қосылым белгішесінің үстіне қойыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жұмыс ауқымы (сымсыз сигналдардың жету алыстығы) WLAN кіруіне, жол жоспарлағышын өндірушіге және басқа электрондық құрылғылардан алынған кедергілерге немесе қабырғалар және едендер сияқты құрылымды тосқауылдарға байланысты болады.

WLAN желісін қолдану туралы қосымша ақпаратты төмендегі ресурстардан табуға болады:

- ISP және өндіруші' нұсқаулығынан алынған ақпарат сымсыз жол жоспарлағышы пен басқа WLAN жабдығымен қамтылған.
- Анықтама және қолдау орталығы беретін ақпарат және веб-торап сілтемелері

Қасыңыздағы қоғамдық WLAN жүйелерінің тізімін алу үшін, ISP провайдерімен байланысыңыз немесе вебтен іздеңіз. Қоғамдық WLAN жүйелерінің тізімін беретін веб-тораптар Cisco Internet Mobile Office сымсыз орындарын, Hotspotlist және Geektools тораптарын қамтиды. Баға және қосылым талаптары үшін әрбір қоғамдық WLAN орындарын тексеріңіз.

Басқа желіге роуминг

Компьютерді басқа WLAN желісінің ауқымынан жылжитсаңыз, Windows сол желіге қосылуға әрекет жасайды. Әрекет сәтті болса, компьютер автоматты түрде жаңа желіге қосылады. Егер Windows жаңа желіні танымаса, WLAN желісіне қосылу үшін бастапқы жасаған іс реттерін орындаңыз.

Мобильді кең ауқымды HP желісін пайдалану (таңдаулы модельдерде ғана)

Мобильді кең ауқымды HP модулі - сымсыз жаһандық желінің (WWAN) құрылғысы арқылы ақпаратқа мобильді желі операторының қызметі қолданылатын орындарда қатынас орнатылады. Мобильді кең ауқымды HP желісі көптеген жағдайларда мобильді телефон желілерінің операторы болып табылатын (*мобильді желілер операторы* деп аталатын) желіге қосылу қызметін беруші операторды қажет етеді. Мобильді кең ауқымды HP желісінің қамту аясы мобильді телефондық қамту аясымен бірдей.

Мобильді желілер оператор қызметімен бірге қолдану кезінде Мобильді кең ауқымды HP желісі саяхат жасау барысында немесе Wi-Fi таратқыштарының қамту аясының сыртында болу кезінде Интернетке қосылу, электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу немесе корпоративтік желіге қосылу мүмкіндігін береді.

Мобильді кең ауқымды HP желісімен мына технологиялар қолданылады:

- HSPA (деректер бумаларын жоғары жылдамдықпен беру) модулі желілерге GSM (Мобильді байланыстар үшін жаһандық жүйе) телебайланыстар стандартына негіздеп қосылуға мүмкіндік береді.

HSPA қызметін белсендіру үшін мобильді кең ауқымды қызметті іске қосуға Мобильді кең ауқымды HP модулінің халықаралық мобильді жабдықтардың бірегей (IMEI) нөмірі қажет болуы мүмкін. IMEI нөмірі компьютердің батарея ұясының ішіндегі жапсырмада орналасқан. HSPA мобильді желілер операторлары абонентті идентификациялау модулін (SIM) қолдануды талап етеді. SIM картасында жеке идентификациялық нөмір (PIN), сондай-ақ желі туралы ақпарат сияқты жалпы ақпарат қамтылады. Кейбір компьютерлердің батарея ұясында SIM алдын ала орнатылады. SIM алдын ала орнатылмаған болса, ол компьютермен бірге жабдықталатын Мобильді кең ауқымды HP желісі туралы ақпарат бумасында болуы мүмкін немесе мобильді желілер операторы оны компьютерден бөлек ұсынуы мүмкін.

SIM орнату және алып тастау туралы ақпарат алу үшін осы тараудағы «SIM картасын салу» және «SIM картасын алып тастау» бөлімдерін қараңыз.

- EV-DO (Деректерді жіберуде интерфейстің эволюциясы) тәсілі желілерге арналар кодтарын бөліп көптік қатынастың (CDMA) телебайланыстар стандартына негізделіп қосылуға мүмкіндік береді.

CDMA қызметін белсендіру үшін мобильді кең ауқымды қызметті іске қосуға Мобильді кең ауқымды HP модулінің мобильді жабдықтардың бірегей ұқсатқышы (IMEI) қажет болуы мүмкін. MEID нөмірі компьютердің батарея ұясының ішіндегі жапсырмада орналасқан.

Мобильді кең ауқымды HP желісі туралы және таңдаулы мобильді желілер операторы арқылы қызметті белсендіру әдісі туралы мәліметтер алу үшін компьютермен бірге жабдықталатын Мобильді кең ауқымды HP желісі туралы ақпаратты қараңыз. Қосымша ақпаратты <http://www.hp.com/go/mobilebroadband> мекен-жайындағы (АҚШ-та ғана) HP веб-торабынан қараңыз.


SIM картасын салу

- △ **ЕСКЕРТУ:** SIM салу кезінде картаның кесілген бұрышын суретте көрсетілгендей орналастырыңыз. SIM картасының артын алдына қаратып немес алдыңғы жағы төмен қарай орналастырылған болса, батареяны өз орнына салу мүмкін емес және SIM картасы мен SIM картасының қосқышына зақым келуі мүмкін.

Қосқыштарға зақым келтіруді болдырмау үшін SIM картасын орналастыру кезінде қатты күш салмаңыз.

SIM картасын салу үшін

1. Компьютердің жұмысын аяқтаңыз. Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат қосқышын басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.
2. Дисплейді жабыңыз.
3. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
4. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз.
5. Компьютерді төңкеріңіз де, батарея ұясын сізге қаратып, жалпақ бетке орналастырыңыз.
6. Батареяны алып тастаңыз.
7. SIM картасын SIM ұясына салып, ол өз орнында тығыз түскенше SIM картасын оның ұясына жайлап басыңыз.



8. Батареяны орнына салыңыз.


📝 **ЕСКЕРІМ:** Егер батарея өз орнына орналастырылмаса, мобильді кең ауқымды HP желісі ажыратылады.

9. Компьютерді жоғары қаратып, сыртқы қуатты және сыртқы құрылғыларды қайта қосыңыз.
10. Компьютерді қосыңыз.

SIM картасын алып тастау

SIM картасын алып тастау үшін


1. Компьютердің жұмысын аяқтаңыз. Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат қосқышын басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.
2. Дисплейді жабыңыз.
3. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
4. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз.
5. Компьютерді төңкеріңіз де, батарея ұясын сізге қаратып, жалпақ бетке орналастырыңыз.
6. Батареяны алып тастаңыз.
7. SIM картасын басып **(1)**, картаны ұясынан шығарып алыңыз **(2)**.



8. Батареяны орнына салыңыз.
9. Компьютерді жоғары қаратып, сыртқы қуатты және сыртқы құрылғыларды қайта қосыңыз.
10. Сыртқы құрылғыларды қайта жалғаңыз.
11. Компьютерді қосыңыз.

Мобильді кең ауқымды НР желісін теңшеу утилитасын пайдалану (таңдаулы модельдерде ғана)

Мобильді кең ауқымды НР желісін теңшеу утилитасы обильді кең ауқымды НР желісін орнату туралы жалпы ақпаратты қамтиды.

 **ЕСКЕРІМ:** Мобильді кең ауқымды НР желісін теңшеу утилитасы барлық аудандарда қолданылмайды.

Мобильді кең ауқымды НР желісі бірінше рет қосылған кезде **Приступая к работе с НР Mobile Broadband** (Мобильді кең ауқымды НР желісімен жұмысқа кіріскенде) беті ашылады.

Bluetooth сымсыз құрылғыларын қолдану

Bluetooth құрылғысы әдетте мына электрондық құрылғыларды байланыстыратын физикалық кабель қосылымдарын ауыстыратын қысқа ауқымды сымсыз байланыстарды қамтамасыз етеді.

- Компьютерлер (жұмыс үстелі, ноутбук, қалта компьютері)
- Телефондар (ұялы, смарт телефон)
- Сурет түсіретін құрылғылар (принтер, камера)
- Дыбыстық құрылғылар (гарнитура, үндеткіштер)

Bluetooth құрылғысы Bluetooth құрылғыларының дербес желісін орнатуға мүмкіндік беретін тең рангілі мүмкіндікті қамтамасыз етеді. Bluetooth құрылғысын теңшеу мен пайдалану туралы ақпарат алу үшін, Bluetooth бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Bluetooth және Интернетке қосылуды ортақ пайдалану (ICS)

HP компаниясы Bluetooth қосылымы бар бір компьютерді басты компьютер ретінде орнатып, оны басқа компьютерлер Интернетке қосылатын шлюз ретінде пайдаланбауды **ұсынбайды**. Екі немесе одан да көп компьютер Bluetooth арқылы қосылған кезде және компьютерлердің біреуінде Интернетке қосылуды ортақ пайдалану мүмкіндігі қосылған кезде басқа компьютерлер Интернетке Bluetooth желісі арқылы қосылмауы мүмкін.


Bluetooth күші сіздің компьютеріңіз бен ұялы телефон, принтер, камера және қалта компьютерлер арасында берілетін мәліметтерді қадамдастыруға негізделген. Екі немесе одан да көп компьютердің Bluetooth арқылы Интернетті ортақ пайдалану үшін үздіксіз қосылу мүмкінсіздігі Bluetooth және Windows амалдық жүйесінің шектеуі болып табылады.

4 Мультимедиа

Мультимедиа мүмкіндіктері

Музыканы тыңдауға, киноларды қарауға және суреттерді қарауға мүмкіндік беретін компьютерде мультимедиалық мүмкіндіктер қамтылған. Компьютерде төмендегідей мультимедиа бөліктері болуы мүмкін:

- Музыка тыңдауға арналған кірістірілген үндеткіштер
- Суретке және бейнеге түсіруге мүмкіндік беретін кірістірілген веб-камера
- Музыканы, киноларды және суреттерді ойнатуға және басқаруға мүмкіндік беретін алдын ала орнатылған мультимедиалық бағдарламалық құрал



 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерде барлық тізімделген бөліктердің қамтылмауы мүмкін.



Мына бөлімдерде компьютермен бірге жабдықталатын мультимедиалық бөліктерді анықтау мен пайдалану әдісі сипатталады.

Мультимедиалық бөліктерді анықтау

Компьютердің мультимедиалық функциялары мына суреттер мен кестелерде сипатталады.



Бөлік	Сипаттама
(1) Веб-камера	Мультимедиалық Фото суреттер және бейне жасауға арналған. ЕСКЕРІМ: Бейне жасау үшін қосымша веб-камера бағдарламалық құралын орнату қажет.
(2) Веб-камера шамы	Қосулы: Веб-камера қолданыста.
(3) Ішкі микрофон	Дыбысты жазады.
(4) Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.
(5)  Дыбыс деңгейін көбейтуге арналған пернелер тіркесімі	fn пернесімен бірге басылған кезде жүйе үндеткіштің дыбыс деңгейін көбейтеді.
(6)  Дыбыс деңгейін азайтуға арналған пернелер тіркесімі	fn пернесімен бірге басылған кезде жүйе үндеткіштің дыбыс деңгейін азайтады.


Бөлік		Сипаттама
(7)	 Дыбыс өшіруге арналған пернелер тіркесімі	fn пернесімен бірге басылған кезде жүйе үндеткіштің дыбысын өшіреді.
(8)	 Аудио шығыс (құлақпап) ұясы/Аудио кіріс (микрофон) ұясы	<p>Қосымша токқа қосылатын стерео үндеткіштерге, құлақаспаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға не теледидар дыбысына қосылған кезде дыбыс шығарады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады.</p> <p>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жеке басқа зақым келтіру қаупін азайту үшін, құлақаспаптарды, тығын тәріздес құлақаспаптарды, гарнитураны киместен бұрын дыбысты лайықтаңыз. Қосымша қауіпсіз ақпаратты <i>Защита от электромагнитных помех</i>, <i>Безопасность при использовании наушников</i> бөлімінен қараңыз.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p> <p>Аудио бөлігі 4 сымды қосқышпен жабдықталуы тиіс.</p>

Дыбыс деңгейін реттеу

Компьютердің мына дыбыс деңгейін басқаруға арналған әрекет пернесін қолдану арқылы дыбыс деңгейін реттеуге болады:

- Компьютердегі дыбыс деңгейін реттегіш пернелер тіркесімі — **fn** пернесі **(1)** және **f8 (2)**, **f10 (3)** немесе **f11 (4)** функциялық пернелерінің бірі:
 - Дыбысты өшіру немесе қайта қосу үшін **fn+f8** пернелерін басыңыз.
 - Дыбыс деңгейін төмендету үшін **fn+f10** пернелерін басыңыз.

- Дыбыс деңгейін ұлғайту үшін **fn+f11** пернелерін басыңыз.



- Windows® жүйесінің дыбысты басқару элементі:
 - Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Динамики** (Үндеткіштер) белгішесін нұқыңыз.
 - Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету үшін, сырғытпаны жоғары не төмен жылжытыңыз. Дыбысты өшіру үшін, **Отключить звук динамиков** (Үндеткіштердің дыбысын өшіру) белгішесін нұқыңыз.

– немесе –

 - Хабарландыру аймағында **Динамики** (Үндеткіштер) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Открыть миксер звука** (Дыбысты реттегішті ашу) түймешігін басыңыз.
 - Дыбыс деңгейін реттегіш бағанында слайдерді жоғары немесе төмен жылжыту арқылы дыбысты көбейтуге немесе бәсеңдетуге болады. **Отключить звук динамиков** (Үндеткіштердің дыбысын өшіру) белгішесін нұқу арқылы дыбысты өшіруге болады.

Хабарландыру аймағында Динамики (Үндеткіштер) белгішесін көрсетілген болмаса, қосу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

 - Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін (көрсеткі хабарландыру аймағының сол жағында болады) тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
 - Настройка значков уведомления** (Хабарландыру белгішелерін теңшеу) пәрменін таңдаңыз.

- c. **Режим работы** (Жұмыс істеу күйі) параметрінің астынан **Дыбыс бөлімінде Показать значки и уведомления** (Белгіше мен хабарландыруларды көрсету) құсбелгісін қойыңыз.
- d. **ОК** түймешігін басыңыз.
- Бағдарламадағы дыбысты басқару элементі:
Дыбыс кейбір бағдарламалардың ішінде де реттеледі:

Мультимедиа бағдарламалық құралдары

Музыканы тыңдауға, киноларды қарауға және суреттерді қарауға мүмкіндік беретін компьютерде алдын ала орнатылған мультимедиа бағдарламалық құралы қамтылады.

Басқа да алдын ала орнатылған мультимедиа бағдарламалық құралдарын пайдалану


Басқа да алдын ала орнатылған мультимедиа бағдарламалық құралдарын табу:

- ▲ **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) параметрлерін таңдаңыз, одан кейін пайдаланылатын мультимедиа бағдарламасын ашыңыз. Мысалы, аудио ықшам дискісін ойнату үшін Windows медиа ойнатқышын (таңдаулы модельдерде ғана) қолданғыңыз келсе, **Проигрыватель Windows Media** (Windows медиа ойнатқышы) түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір бағдарламалар бағыныңқы қалталарда орналасуы мүмкін.

Мультимедиа бағдарламалық құралын Интернеттен орнату

- ▲ Мультимедиа бағдарламалық құралын Интернеттен орнату үшін бағдарламалық құралды өндірушінің веб-торабына өтіп, нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Интернеттен жүктелген бағдарламалық құралда вирустар болуы мүмкін. Қосымша ақпаратты «Қауіпсіздік» бөлімінен қараңыз.

Аудио

Компьютерде бар бірқатар аудио функциялары мына әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді:

- Музыканы компьютер үндеткіштері және/немесе қосылған сыртқы үндеткіштер арқылы тыңдау.
- Дыбысты ішкі микрофон немесе қосымша сыртқы гарнитура микрофоны арқылы жазу.
- Интернеттен музыканы жүктеу.
- Мультимедиа көрсетілімдерін аудио және кескіндерді пайдалану арқылы жасау.
- Шұғыл хабарлама жіберу бағдарламасы арқылы дыбыс және кескіндерді беру.

Сыртқы аудио құрылғыларын қосу

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жеке басқа зақым келтіру қаупін азайту үшін, құлақаспаптарды, тығын тәріздес құлақаспаптарды, гарнитураны киместен бұрын дыбысты лайықтаңыз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын [Защита от шума, безопасность и экологиялык ескертулер](#) бөлімінен қараңыз.

Сыртқы үндеткіштер, құлақаспаптар немесе гарнитура микрофоны сияқты сыртқы құрылғыларды қосу үшін, құрылғымен бірге берілген ақпаратты қараңыз. Жақсы нәтиже алу үшін, келесі кеңестерді есте сақтаңыз:

- Құрылғы кабелінің аудио шығыс (гарнитура) және аудио кіріс (микрофон) ұяларының екеуіне сәйкес келетін 4 сымды қосқышы бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Сыртқы құрылғы кабелінің компьютердегі ұяға қауіпсіз жалғанғанын тексеріңіз.
- Сыртқы құрылғыға қажет драйверлердің орнатылғанын тексеріңіз.

📄 ЕСКЕРІМ: Драйвер компьютер қолданатын бағдарламалар мен компьютер арасындағы аудармашы сияқты қажетті бағдарлама.

Аудио функцияларын тексеру


Компьютердегі жүйе дыбысын тексеру үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармақтарын таңдаңыз.
2. **Оборудование и звук** (Аппарат және дыбыс) параметрін таңдаңыз.
3. **Звук** (Дыбыс) пәрменін таңдаңыз.
4. Дыбыс терезесі ашылғанда, **Звуки** (Дыбыстар) қойындысын нұқыңыз. **Программные события** (Бағдарламалар оқиғалары) параметрі астынан дыбыс белгісі немесе дыбыс беру сияқты дыбыс оқиғасын таңдап, **Тест** (Сынақ) түймешігін басыңыз.

Дыбысты үндеткіштер немесе қосылған құлақаспаптар арқылы естуіңіз қажет.

Компьютердің жазу функцияларын тексеру үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау)> Все программы (Барлық бағдарламалар)> Стандартные (Керек-жарақтар)> Устройство звукозаписи (Дыбысты жазу құрылғысы)** тармақтарын таңдаңыз.
2. **Начинать запись (Жазуды бастау)** түймешігін басып, микрофонмен сөйлеңіз. Файлды жұмыс үстеліне сақтаңыз.
3. Windows медиа ойнатқышын ашыңыз да, дыбысты ойнатыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жазу кезінде жақсы нәтиже алу үшін, микрофонға тікелей сөйлеп, артқы шу жоқ параметрде дыбысты жазыңыз.

- ▲ Компьютерде аудио параметрлерін өзгерту немесе растау үшін, **Пуск (Бастау)> Панель управления (Басқару тақтасы)> Оборудование и звук (Аппарат және дыбыс)> Звук (Дыбыс)** тармақтарын таңдаңыз.

Бейне

Компьютер бейне мүмкіндіктерінің көбін пайдалануға мүмкіндік береді:

- Фильмдер көру
- Интернет арқылы ойындар ойнау
- Суреттер мен бейне өңдеу және көрсетілімдер жасау
- Сыртқы бейне құрылғыларын жалғау

Сыртқы монитор немесе проекторды жалғау


Монитор немесе проектор сияқты сыртқы дисплейді компьютердегі сыртқы монитор портына қосу үшін VGA кабелін (бөлек сатылады) пайдаланыңыз.

Сыртқы монитор немесе проекторды жалғау үшін:

1. Қосымша VGA кабелін компьютердегі сыртқы монитор портына қосыңыз.




2. Сыртқы монитор немесе проекторды кабельдің басқа ұшына жалғаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Дұрыс жалғанған сыртқа монитор немесе проектор экранына кескін шығарылмаса, кескінді сыртқы мониторда көрсету үшін **fn+f2** пернелерін басыңыз. **fn+f2** пернелері қайта басылған кезде кескін сыртқы дисплей мен компьютер экрандарының арасында ауыстырылып көрсетіледі.


Веб-камера

Кірістірілген веб-камера компьютер дисплейінің үстіңгі жағында орналасқан. Веб-камера – суреттер мен бейнелерді түсіруге мүмкіндік беретін кіріс құрылғысы.

 **ЕСКЕРІМ:** Бейне түсіру үшін қосымша веб-камера бағдарламалық құралын орнату қажет.

Веб-камераға кіру үшін

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > ArcSoft WebCam Companion 3 (ArcSoft WebCam Companion 3 бағдарламасы) > WebCam Companion 3 (WebCam Companion 3 бағдарламасы)** тармақтарын таңдаңыз.
2. **Захватить (Түсіру) > Фотографировать (Суретке түсіру)** пәрмендерін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сурет Документы (Құжаттар) қалтасында автоматты түрде сақталады.


5 Қауіпсіздік

Компьютерді қорғау

Windows амалдық жүйесі және Windows емес орнату утилитасы арқылы берілген стандартты қауіпсіздік мүмкіндіктері жеке параметрлеріңізде және деректерді әртүрлі қауіптерден қорғайды.

Төмендегі мүмкіндіктерді пайдалану үшін осы тарауда аталған іс ретін орындаңыз:

- Құпия сөздер
- Қалқан бағдарламалық құралы
- Вирусқа қарсы қолдау (Norton Internet Security)
- Критикалық қауіпсіздік жаңартулары

 **ЕСКЕРІМ:** Қауіпсіздік шешімдері қорғаныс шаралары ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ олар бағдарламалық құрал шабуылдарынан немесе компьютерге күтімсіз қарау не оны ұрланудан қорғамайды.

ЕСКЕРІМ: Компьютерді жөндеуге жібермес бұрын, барлық құпия сөз параметрлерін өшіріңіз.

Компьютер қаупі	Қауіпсіздік мүмкіндігі
Компьютерді рұқсатсыз қолдану	<ul style="list-style-type: none">• QuickLock• Қосылғандағы құпия сөз
Деректерге рұқсатсыз кіру	<ul style="list-style-type: none">• Қалқан бағдарламалық құралы• Windows жаңартулары
Орнату утилитасы, BIOS параметрлері және басқа жүйені анықтау ақпаратына рұқсатсыз кіру	Әкімші құпия сөзі
Бар немесе келешек компьютерге төнетін қауіптер	Microsoft компаниясынан критикалық қауіпсіз жаңартулары
Windows пайдаланушы есептік жазбасын рұқсатсыз пайдалану	Пайдаланушы құпия сөзі

Құпия сөздерді пайдалану

Құпия сөз — компьютер ақпаратын қорғау үшін таңдалатын таңбалардың тобы. Ақпаратқа кіруді басқарудың жолына байланысты құпия сөздердің бірнеше түрлері орнатылуы мүмкін. Құпия сөздер компьютерде алдын ала орнатылған Windows немесе Windows емес орнату утилитасында орнатылады.

△ **ЕСКЕРТУ:** Компьютердің құлыпталуын болдырмау үшін, орнатылған әрбір құпия сөзді жазыңыз. Көптеген құпия сөздер олар орнатылған, өзгертілген, жойылған күйде көрсетіледі, әрбір құпия сөзді жедел жазып алып, қауіпсіз жерде сақтау маңызды.

Бірдей құпия сөзді орнату утилитасы мүмкіндігіне және Windows қауіпсіздік мүмкіндігіне пайдалануға болады. Бірдей құпия сөзді бірнеше орнату утилитасы мүмкіндігіне пайдалануға болады.

Орнату утилитасында құпия сөзді орнату кезінде төмендегі нұсқауларды пайдаланыңыз:

- Құпия сөз кез келген 8 әріп пен санның тіркесімі және регистрді ескеру болу қажет.
- Орнату утилитасында орнатылатын құпия сөзді Орнату утилитасының командалық жолағында теру қажет. Windows жүйесінде орнатылатын құпия сөзді Windows жүйесінің командалық жолағында теру қажет.

Құпия сөздерді жасау және сақтау үшін төмендегі кеңестерді пайдаланыңыз:

- Құпия сөздерді жасаған кезде, бағдарлама арқылы орнатылған талаптарды орындаңыз.
- Құпия сөздерді жазып алып, оларды компьютерден алыс қауіпсіз жерге сақтаңыз.
- Құпия сөздерді компьютердегі файлда сақтамаңыз.
- Басқа адам арқылы оңай табылатын атыңызды немесе басқа жеке мәліметтерді пайдаланбаңыз.

Төмендегі бөлімдер Windows және орнату утилитасы құпия сөздерін тізімдейді және олардың жұмысын сипаттайды. Экранды қорғағыш сияқты Windows құпия сөздері туралы қосымша ақпаратты алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау)** тармақтарын таңдаңыз.

Windows жүйесінде орнатылатын құпия сөздер

Құпия сөз	Функция
Әкімші құпия сөзі	Компьютер мазмұнына әкімші деңгейінде кіруді қорғайды. ЕСКЕРІМ: Осы құпия сөзді орнату утилитасы мазмұнына кіру үшін пайдалануға болмайды.
Пайдаланушы құпия сөзі	Windows пайдаланушы есептік жазбасына кіруді қорғайды. Бұл сондай-ақ, компьютер мазмұнына кіруді қорғайды және ұйқы күйі немесе күту күйінен шыққан кезде енгізілуі қажет.
QuickLock	Компьютерге кіру алдында Windows жүйесіне кіру тілқатысу терезесінде құпия сөзді теруді талап ету арқылы компьютерді қорғайды. Пайдаланушы немесе әкімші құпия сөзін орнатқаннан кейін мына әрекеттерді орындаңыз: <ol style="list-style-type: none">1. fn+f6 пернелерін басу арқылы QuickLock құралын бастаңыз.2. QuickLock құралынан шығу үшін Пайдаланушы немесе әкімші құпия сөзін енгізіңіз.

Орнату утилитасында орнатылатын құпия сөздер

Құпия сөз	Функция
Әкімші құпия сөзі*	<ul style="list-style-type: none">• Орнату утилитасына кіруді қорғайды.• Осы құпия сөз орнатылғаннан кейін, орнату утилитасына кірген сайын оны енгізу қажет. <p>ЕСКЕРТУ: Әкімші құпия сөзін ұмытып қалсаңыз, орнату утилитасына кіру мүмкін емес.</p>
Қосылғандағы құпия сөз*	<ul style="list-style-type: none">• Компьютер мазмұнына кіруді қорғайды.• Осы құпия сөз орнатылғаннан кейін, компьютерді қосқан не өшірілген немесе күту күйінен шыққан сайын оны енгізу қажет. <p>ЕСКЕРТУ: Қосылғандағы құпия сөзді ұмытып қалсаңыз, компьютерді қосу немесе қайта іске қосу немесе ұйқы күйінен шығу мүмкін болмайды.</p>

*Осы құпия сөздердің әрбірі туралы толық ақпаратты келесі бөлімдерден қараңыз.

Әкімші құпия сөзі

Әкімші құпия сөзі орнату утилитасындағы теңшелім параметрлерін және жүйені анықтау ақпаратын қорғайды. Осы құпия сөз орнатылғаннан кейін, орнату утилитасына кірген әрбір уақытта оны енгізу қажет.

Әкімші құпия сөзін Windows жүйесіне орнатылған әкімші құпия сөзімен алмастыруға болмайды немесе ол орнатылған, енгізілген, өзгертілген немесе жойылған күйде көрсетіледі. Құпия сөзді жазып алғаныңызды және қауіпсіз жерде сақтағаныңызды тексеріңіз.

Әкімші құпия сөзін басқару

Осы құпия сөзді орнату, өзгерту немесе жою үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз, одан кейін экранның төменгі сол жақ бұрышында «F10 = BIOS Setup Options» (F10 = BIOS орнату мүмкіндіктері) хабарламасы көрсетілгенде **f10** пернесін басыңыз.
2. **Безопасность (Қауіпсіздік) > Установить пароль администратора** (Әкімші құпия сөзін орнату) пәрменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
 - Әкімші құпия сөзін орнату үшін, құпия сөзіңізді **Введите новый пароль** (Жаңа құпия сөзді енгізіңіз) және **Подтвердите новый пароль** (Жаңа сөзді растаңыз) өрістеріне енгізіп, **enter** пернесін басыңыз.
 - Әкімші құпия сөзін өзгерту үшін, ағымдағы құпия сөзді **Введите текущий пароль** (Ағымдағы құпия сөздің енгізіңіз) өрісіне енгізіп, **Введите новый пароль** (Жаңа құпия сөзді енгізіңіз) және **Подтвердите новый пароль** (Жаңа құпия сөзді растаңыз) өрістеріне жаңа құпия сөзді енгізіп, **enter** пернесін басыңыз.
 - Әкімші құпия сөзін жою үшін, ағымдағы құпия сөзді **Введите пароль** (Құпия сөзді енгізіңіз) өрісінде теріп, **enter** пернесін 4 рет басыңыз.
3. Енгізілген өзгертулерді сақтау және Орнату утилитасынан шығу үшін, **Выйти** (Шығу) пәрменін таңдау мақсатында көрсеткі пернелерді пайдаланып, **> Выйти, сохранив изменения** (Өзгертулерді сақтап шығу) тапсырмасын таңдаңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

Әкімші құпия сөзін енгізу

Введите пароль (Құпия сөзді енгізіңіз) сұрауына әкімші құпия сөзін теріп, **enter** пернесін басыңыз. Әкімші құпия сөзін енгізудің 3 сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді қайта іске қосып, әрекетті қайта орындау қажет.

Қосылғандағы құпия сөз

Қосылғандағы құпия сөз компьютерді рұқсатсыз қолданудан қорғайды. Осы құпия сөз орнатылғаннан кейін, компьютерді қосқан не өшірілген немесе күту күйінен шыққан сайын оны енгізу қажет. Қосылғандағы құпия сөз орнатылған, енгізілген, өзгертілген немесе жойылған күйде көрсетіледі.

Қосылғандағы құпия сөзді басқару

Осы құпия сөзді орнату, өзгерту немесе жою үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз, одан кейін экранның төменгі сол жақ бұрышында «F10 = BIOS Setup Options» (F10 = BIOS орнату мүмкіндіктері) хабарламасы көрсетілгенде **f10** пернесін басыңыз.
2. **Безопасность** (Қауіпсіздік) > **Установить пароль при включении питания** (Қосылғандағы құпия сөзді орнату) пәрменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
 - Қосылғандағы құпия сөзді орнату үшін, құпия сөзді **Введите новый пароль** (Жаңа құпия сөзді енгізіңіз) және **Подтвердите новый пароль** (Жаңа құпия сөзді растаңыз) ерістерінде теріп, **enter** пернесін басыңыз.
 - Қосылғандағы құпия сөзді өзгерту үшін, ағымдағы құпия сөзді **Введите текущий пароль** (Ағымдағы құпия сөзді енгізіңіз) ерісінде теріп, **Введите новый пароль** (Жаңа құпия сөзді енгізіңіз) және **Подтвердите новый пароль** (Жаңа құпия сөзді растаңыз) ерістерінде жаңа құпия сөзді теріп, **enter** пернесін басыңыз.
 - Қосылғандағы құпия сөзді жою үшін, құпия сөзді **Введите пароль** (Құпия сөзді енгізіңіз) ерісінде теріп, **enter** пернесін 4 рет басыңыз.
3. Енгізілген өзгертулерді сақтау және Орнату утилитасынан шығу үшін, **Выйти** (Шығу) пәрменін таңдау мақсатында көрсеткі пернелерді пайдаланып, > **Выйти, сохранив изменения** (Өзгертулерді сақтап шығу) тапсырмасын таңдаңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

Қосылғандағы құпия сөзді енгізу

Введите пароль (Құпия сөзді енгізіңіз) сұрауына құпия сөзді теріп, **enter** пернесін басыңыз. Құпия сөзін енгізудің 3 сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді қайта іске қосып, әрекетті қайта орындау қажет.


Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану

Компьютерді электрондық пошта жіберу немесе Интернетке қосылу үшін пайдаланған кезде амалдық жүйе, бағдарламалар немесе қызметтік бағдарламаларды ажырататын не құрылғының жұмысына кері әсер ететін вирустар компьютерге түсуі мүмкін.

Вирусқа қарсы бағдарламалық құрал вирустардың басым бөлігін анықтап, оларды жойып, вирустар зиян келтірген бағдарламаны қалпына келтіре алады. Жаңа табылған вирустардан күнделікті қорғауды қамтамасыз ету үшін вирусқа қарсы бағдарламалық құралды жүйелі түрде жаңарту қажет.

Norton Internet Security вирусқа қарсы бағдарламалық құралы компьютерде зауытта орнатылған.

- Norton Internet Security бағдарламалық құралының компьютерде орнатылған нұсқасы 60 күндік тегін жаңартуды қамтиды. 60 күннен кейін компьютерді жаңа вирустардан қорғау үшін мерзімі ұзартылған жаңарту қызметін сатып алу ұсынылады. Norton Internet Security вирусқа қарсы бағдарламалық құралын пайдалану және жаңарту, сондай-ақ мерзімі кеңейтілген жаңарту қызметін сатып алу нұсқаулары бағдарламамен қоса қамтамасыз етіледі.
- Norton Internet Security вирусқа қарсы бағдарламалық құралын ашу немесе бағдарлама туралы қосымша ақпарат алу үшін **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Norton Internet Security** тармақтарын нұқыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** HP компаниясы вирусқа қарсы бағдарламалық құралды компьютерді қорғауға көмектесу үшін жүйелі түрде жаңартуға кеңес береді.

ЕСКЕРІМ: Компьютер вирустары туралы толық ақпарат алу үшін Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) орталығының Поиск (Іздеу) жолағында вирустар сөзін теріңіз.

Қалқан бағдарлалық құралын пайдалану

Компьютерді электрондық пошта не Интернетке кіру үшін қолданғанда, рұқсатсыз адамдар компьютерге, жеке файлдарға және сіз туралы ақпаратқа кіру рұқсатын иеленуі мүмкін. Құпиялылықты қорғау үшін, компьютерде алдын ала орнатылған қалқан бағдарламалық құралын пайдаланыңыз.

Қалқан мүмкіндіктері жүйе кіру және желі әрекетін хабарлау және барлық кіріс және шығыс трафиктерін автоматты түрде бақылау әрекеттерін қамтиды. Қосымша ақпарат алу үшін, қалқанды пайдалану нұсқаулығын қараңыз немесе қалқанды өндірушімен байланысыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір жағдайларға байланысты қалқан Интернет ойындарына кіруді құрсаулауы, желідегі принтерге немесе файлды ортақ пайдалануға кедергі келтіруі немесе рұқсаты бар электрондық пошта тіркемелерін құрсаулауы мүмкін. Ақаулықты уақытша шешу үшін, қалқанды ажыратып, орындалатын тапсырманы орындаңыз және қалқанды қайта іске қосыңыз. Ақаулықты түпкілікті шешу үшін, қалқанды қайта теңшеңіз.

Критикалық жаңартуларды орнату

△ **ЕСКЕРТУ:** Microsoft критикалық жаңартуларға сәйкес ескертулерді жібереді. Компьютерді қауіпсіздік бұзудан және компьютер вирустарынан қорғау үшін, ескертулерді алғаннан кейін мүмкіндігінше тез Microsoft компаниясынан барлық критикалық жаңартуларды орнатыңыз.

Амалдық жүйе үшін жаңартулар және басқа бағдарламалық құрал компьютер жіберілгеннен кейін қол жетімді болуы мүмкін. Компьютерге қол жетімді барлық жаңартулардың орнатылғанын тексеру үшін, осы нұсқауларды орындаңыз:

- Компьютерді орнатқаннан кейін мүмкіндігінше тез Windows Update бағдарламасын іске қосыңыз. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Windows Update** тармақтарындағы жаңарту сілтемесін пайдаланыңыз.
- Windows Update бағдарламасын аралығы бір-біріне тең уақытта мысалы, айына бір рет іске қосыңыз.
- Microsoft веб-торабы, сондай-ақ анықтама және қолдау орталығындағы жаңартулар сілтемесі арқылы алынғандай Windows және басқа Microsoft бағдарламалары үшін жаңартуларды орындаңыз.

6 Сандық карталар

Қосымша сандық карталар деректерді қауіпсіз сақтау мен оларды ыңғайлы түрде ортақ пайдалану мүмкіндігін береді. Бұл карталар сандық медиамен жабдықталған камераларда, PDA және басқа да құрылғыларда жиі пайдаланылады.

Сандық медиа ұясы келесі пішімдерді қолданады:

- Жад картасы (MS)
- MS/Pro
- Мультимедиа картасы (MMC)
- Қауіпсіз сандық (SD) жад картасы
- xD-Сурет картасы


Сандық картаны енгізу

△ **ЕСКЕРТУ:** Сандық картаға немесе компьютерге зақым келтірмеу үшін, сандық медиа ұясына адаптердің ешбір түрін салмаңыз.

ЕСКЕРТУ: Сандық карталар қосқышының зақымдануын болдырмау үшін, сандық картаны күштеп енгізбеңіз.

1. Сандық картаның белгісі бар жағын жоғары, ал қосқыштарын компьютерге қаратып ұстаңыз.

2. Картаны сандық медиа ұясына кірістіріңіз және ол берік орнатылғанша картаны итеріңіз.



Құрылғы орнатылғанда дыбыс естисіз және параметрлердің мәзірі көрінуі мүмкін.

Сандық картаны шығарып алу

△ **ЕСКЕРТУ:** Ақпараттың жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін, сандық картаны қауіпсіз шығарып алу үшін, келесі іс ретін пайдаланыңыз.

1. Мәліметтеріңізді сақтап, сандық картамен байланысты барлық бағдарламаларды жабыңыз.

📝 **ЕСКЕРІМ:** Деректер тасымалын тоқтату үшін, амалдық жүйенің көшіру терезесінде **Отмена** (Болдырмау) түймешігін басыңыз.


2. Сандық картаны тоқтату үшін

- a. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Безопасное извлечения оборудования и носителей данных** (Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару) белгішесін нұқыңыз.

📝 **ЕСКЕРІМ:** Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару белгішесін көрсету үшін, **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін (көрсеткі хабарландыру аймағының сол жағында болады) нұқыңыз.

- b. Тізімдегі сандық картаның атауын нұқыңыз.

3. Сандық картаны басып (1), картаны ұясынан шығарып алыңыз (2).



7 USB құрылғылары

USB құрылғысын пайдалану

Әмбебап сериалды шина (USB) USB пернетақтасы, тінтуір, драйвер, принтер, сканер немесе концентратор сияқты қосымша сыртқы құрылғыны қосуға қолданылатын жабдықтың интерфейсі болып табылады. Құрылғыларды жүйе, қосымша қондыру құрылғысы немесе қосымша кеңейту өніміне қосуға болады.

Кейбір USB құрылғылары әдетте құрылғымен қоса берілетін қосымша қолдау көрсету бағдарламалық құралын қажет етуі мүмкін. Құрылғыға арналған бағдарламалық құрал туралы қосымша ақпаратты өндірушінің нұсқауларынан қараңыз.

Компьютерде USB 1.0, USB 1.1 және USB 2.0 құрылғыларымен жұмыс істейтін 3 USB порты бар. Қосымша USB концентраторы, қосымша қондыру құрылғысы немесе қосымша кеңейту өнімі компьютермен қолдануға болатын қосымша USB порттарымен қамтамасыз етеді.

USB құрылғысын жалғау

△ **ЕСКЕРТУ:** USB қосқышының зақымдануын болдырмау үшін, USB құрылғысын күштеп жалғамаңыз.

▲ USB құрылғысын жалғау үшін, құрылғының USB кабелін USB портына қосыңыз.



Құрылғы анықталғанда, дыбыс естіледі.

📖 **ЕСКЕРІМ:** USB құрылғысы қосылған кезде жүйенің құрылғыны танытқанын көрсету үшін хабарландыру аймағында хабарлама көрсетілуі мүмкін.


USB құрылғысын ажырату

△ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін, USB құрылғысын қауіпсіз ажырату үшін, келесі іс ретін пайдаланыңыз.


ЕСКЕРТУ: USB қосқышының зақымдалуын болдырмау үшін, USB құрылғысын ажырату мақсатында кабельден тартпаңыз.

USB құрылғысын тоқтату және ажырату үшін

1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Безопасное извлечения оборудования и носителей данных** (Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару) белгішесін екі рет нұқыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару белгішесін көрсету үшін, **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін (көрсеткі хабарландыру аймағының сол жағында болады) нұқыңыз.

2. Тізімдегі құрылғы атауын нұқыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер USB құрылғысы тізімде көрсетілмесе, құрылғыны ажыратпас бұрын оны тоқтатудың қажеті жоқ.

3. **Остановить** (Тоқтату) түймешігін, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.
4. Құрылғыны ажыратыңыз.

8 Меңзегіш құрылғылар және пернетақта

Меңзегіш құрылғының басымдықтарын орнату


Түймешік теңшелімі, нұқу жылдамдығы және тінтуір көрсеткісінің мүмкіндіктері сияқты меңзегіш құрылғылар параметрлерін теңшеу үшін, Windows® жүйесіндегі тінтуір сипаттарын қолданыңыз.

Тінтуір сипаттарына кіру үшін **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен принтерлер) тармақтарын таңдаңыз. Одан кейін компьютеріңіз болып келетін құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Настройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.

Меңзегіш құрылғыларды пайдалану

TouchPad құрылғысын пайдалану

Көрсеткіні жылжыту үшін бір бармақты TouchPad бетінде көрсеткіні жылжытқыңыз келген бағытқа жылжытыңыз. TouchPad панелінің түймешіктері сыртқы тінтуірдің сәйкес түймешіктері сияқты пайдаланылады. TouchPad тігінен айналдыру аймағын қолданып жоғары және төмен айналдыру үшін, жолақтар бойынша саусағыңызды жоғары не төмен сырғытыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Меңзерді жылжыту үшін TouchPad құрылғысын пайдалансаңыз, айналдыру аймағында оны жылжытпас бұрын, TouchPad құрылғысынан саусағыңызды алу қажет. Саусақты TouchPad панелінен айналдыру аймағына жайлап сырғыту айналдыру функциясын белсендірмейді.

Сыртқы тінтуірді жалғау

Сыртқы USB тінтуірін компьютерге компьютердегі USB порттарының біреуін пайдалану арқылы жалғауға болады.









пернетақтаны пайдалану

Пернелер тіркесімдерін пайдалану

Пернелер тіркесімі - **fn** пернесі (**1**) мен функциялық пернелер бірінің (**2**) тіркесімі.

f1 - f4 және **f6, f8, f10** мен **f11** пернелеріндегі белгішелер пернелер тіркесімдерінің функцияларын білдіреді. Пернелер тіркесімдерінің функциялары мен әрекеттері төмендегі бөлімдерде сипатталады.



Функция	Пернелер тіркесімі
 Ұйқы күйін қосады.	fn+f1
 Кескінді ауыстырады.	fn+f2
 Экран жарықтығын төмендетеді.	fn+f3
 Экран жарықтығын ұлғайтады.	fn+f4
 QuickLock құралын іске қосады.	fn+f6
 Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.	fn+f8
 Үндеткіш дыбысын төмендетеді.	fn+f10
 Үндеткіш дыбысын жоғарылатады.	fn+f11

Компьютер пернетақтасында жылдам перне пәрменін пайдалану үшін мына әрекеттердің біреуін орындаңыз:

- [fn](#) пернесін аз уақыт басып, жылдам перне пәрменінің екінші пернесін аз уақыт басыңыз.
– немесе –
- [fn](#) пернесін басып ұстап тұрып, жылдам перне пәрменінің екінші пернесін аз уақыт басыңыз да, пернелердің екеуін бір уақытта босатыңыз.

Ұйқы күйін қосу

Ұйқы күйін қосу үшін [fn+f1](#) пернелер тіркесімін басыңыз.

Ұйқы күйі қосылғаннан кейін ақпарат жадқа сақталады, экран бос болады да, қуат үнемделеді. Компьютер ұйқы күйінде болғанда қуат шамы жыпылықтайды.

△ **ЕСКЕРТУ:** Ақпарат жоғалту қаупін азайту үшін ұйқы күйі іске қосылмас бұрын жұмысыңызды сақтаңыз.

Ұйқы күйін қосу әрекетін орындамас бұрын компьютер қосылған болуы тиіс.

📖 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютер ұйқы күйінде болғанда батарея заряды өте төмен деңгейге жетсе, күту күйі іске қосылады да, жадқа сақталған ақпарат қатты дискіге сақталады. Өте төмен батарея деңгейі жағдайына арналған зауыттық параметр ждущий режим (күту күйі) болады, бірақ бұл параметрді қосымша қуат параметрлері астында өзгертуге болады.

Ұйқы күйінен шығу үшін қуат қосқышын аз уақыт жылжытыңыз.

fn+f1 пернелерінің функциясын өзгертуге болады. Мысалы, **fn+f1** пернелерін ұйқы күйінің орнында күту күйін іске қосатындай етіп орнатуға болады.

📖 **ЕСКЕРІМ:** Windows амалдық жүйесінің барлық терезелерінде қолданылатын *кнопка спящего режима* (күту күйі түймешігі) және **fn+f1** пернелер тіркесімі бірдей әрекет орындайды.

Экранды ауыстыру

Жүйеге қосылған дисплей құрылғыларының арасында экран кескінін ауыстырып қосу үшін, **fn+f2** пернесін басыңыз. Мысалы, егер монитор компьютерге қосылған болса, **fn+f2** пернелер тіркесімі басылғаннан кейін экран кескіні компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырылып, компьютер мен монитормың екеуінде көрсетіледі.

📖 **ЕСКЕРІМ:** Монитор немесе проектор сияқты сыртқы дисплейді компьютердегі сыртқы монитор портына қосу үшін VGA кабелін (бөлек сатылады) пайдалануыңыз тиіс.

Сыртқы мониторлардың басым бөлігі компьютерден бейне апаратын сыртқы VGA бейне стандарты арқылы қабылдайды. **fn+f2** пернелер тіркесімі компьютерден бейне апаратын қабылдайтын басқа да құрылғылар арасында кескіндерді ауыстырып көрсете алады.

Видео көрсетудің мына түрлерімен бірге **fn+f2** пернелер тіркесімі қолданылады, бұл түрлерді пайдаланатын құрылғылар мысалға келтірілген:

- СК дисплей (көру құрылғысы)
- Сыртқы VGA (сыртқы мониторлардың көпшілігі)

Экран жарықтығын төмендету

Экран жарықтығын төмендету үшін **fn+f3** пернелерін басыңыз. Экран жарықтығын қадам бойынша төмендету үшін пернелерді басып ұстап тұрыңыз.


Экран жарықтығын ұлғайту

Экран жарықтығын ұлғайту үшін **fn+f4** пернелерін басыңыз. Экран жарықтығын қадам бойынша ұлғайту үшін пернелерді басып ұстап тұрыңыз.

QuickLock құралын іске қосу

QuickLock қауіпсіздік функциясын іске қосу үшін **fn+f6** пернелерін басыңыз.

QuickLock функциясы ақпаратты амалдық жүйеге кіру терезесін экранға шығару арқылы қорғайды. Жүйеге кіру терезесі көрсетілгенде Windows жүйесінің пайдаланушы құпия сөзі немесе Windows жүйесінің әкімші құпия сөзі енгізілгенше компьютерге кіру мүмкін емес.

 **ЕСКЕРІМ:** QuickLock мүмкіндігін пайдаланбас бұрын Windows жүйесінің пайдаланушы құпия сөзін немесе Windows жүйесінің әкімші құпия сөзін теңшеу қажет. Нұсқауларды Анықтама және қолдау орталығынан қараңыз.

QuickLock функциясын пайдалану үшін жүйеге кіру терезесін көрсетіп, компьютерді бұғаттауға **fn+f6** пернелерін басыңыз. Windows жүйесінің пайдаланушы құпия сөзі немесе Windows жүйесінің әкімші құпия сөзі енгізіп, компьютерге кіру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Үндеткіш дыбысын өшіру

Үндеткіш дыбысын өшіру үшін **fn+f8** пернелерін басыңыз. Үндеткіш дыбысын қайта қосу үшін пернелерді қайта басыңыз.

Үндеткіш дыбысын төмендету

Үндеткіш дыбысын төмендету үшін **fn+f10** пернелерін басыңыз. Үндеткіш дыбысын қадам бойынша төмендету үшін пернелерді басып ұстап тұрыңыз.

Үндеткіш дыбысын жоғарылату

Үндеткіш дыбысын жоғарылату үшін **fn+f11** пернелерін басыңыз. Үндеткіш дыбысын қадам бойынша жоғарылату үшін пернелерді басып ұстап тұрыңыз.

9 Диск жетектері

Орнатылған диск жетектерін анықтау

Компьютерде орнатылған диск жетектерін көру үшін **Пуск (Бастау) > Компьютер (Компьютер)** пәрмендерін таңдаңыз.

Диск жетектерін ұстау

Диск жетектері құрылғының сызғыш бөліктері және оларды абайлап ұстау қажет. Диск жетектерін ұстамас бұрын келесі ескертулерді қараңыз. Қосымша ескертулер олар қолданылатын үрдістерде қамтылған.

△ **ЕСКЕРТУ:** Компьютерге зақым келтіру қаупін, диск жетегіне зақым келтіруді немесе ақпараттың жоғалуын азайту үшін, осы сақтық шараларын сақтаңыз:

Сыртқы қатты дискіге қосылған компьютерді қозғамас бұрын, ұйқы күйін қосып, экранның өшірілуіне мүмкіндік беріңіз немесе сыртқы қатты дискіні дұрыс ажыратыңыз.

Диск жетегін ұстамас бұрын диск жетегінің боялмаған метал бетін ұстау арқылы статикалық электр тогын босатыңыз.

Алынатын диск жетегіндегі немесе компьютердегі қосқыш істікшелерді ұстамаңыз.

Диск жетегін абайлап ұстаңыз, диск жетегін түсірмеңіз немесе оған басқа заттарды қоймаңыз.

Диск жетегін шығарып алмастан немесе салмастан бұрын компьютерді өшіріңіз. Компьютердің өшірілген күйде, ұйқы күйінде немесе күту күйінде екені туралы сенімді болмасаңыз, компьютерді қосып, оны амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

Диск жетегін диск жетегінің ұясына салған кезде шамадан тыс күш қолданбаңыз.

Сыртқы оптикалық диск жетегі дискіге жазып жатқанда, ақпаратты теру үшін пернетақтаны пайдаланбаңыз немесе компьютерді жылжытпаңыз. Жазу үрдісі тербеліске сезімтал.

Батарея жалғыз қуат көзі болғанда, батареяның медиа файлы жазбас бұрын жеткілікті зарядталғанын тексеріңіз.

Диск жетегін температура жоғары немесе ылғал жерде сақтамаңыз.

Диск жетегін сұйықтық бар жерде сақтамаңыз. Диск жетегіне тазарту заттарын шашпаңыз.

Диск жетегін диск жетегінің ұясынан алмас бұрын немесе онымен саяхатқа, кемемен қыдырғанда немесе диск жетегін сақтағанда, медиа құралын шығарып алыңыз.

Диск жетегін поштамен жөнелту қажет болғанда, диск жетегін мөлдір пошта бумасына немесе басқа сәйкес қорғаныс бумасына салыңыз және бумаға "FRAGILE" (Сынғыш) белгісін жапсырыңыз.

Диск жетегін магниттік өрістерге жақын жерде сақтамаңыз. Магниттік өрістері бар қауіпсіздік құрылғылары әуежайда металды заттарды анықтауға арналған құрылғыларды қамтиды. Белдікті конвейерлер сияқты жолаушылар жүктерін тексеруге арналған әуежайлардағы қауіпсіздік құрылғылары магниттік өрістің орнына рентген сәулелерін қолданады да, диск жетегіне зиян келтірмейді.

Сыртқы диск жетектерін пайдалану


Алынбалы сыртқы диск жетектері мәліметтерді сақтау және оларға кіруге арналған параметрлер тізімін ұлғайтады.

USB диск жетектерінің үш түрі бар:

- 1.44-Мбайт дискет жетегі
- Қатты диск модулі (адаптер тіркелген қатты диск)
- DVD диск жетегі
- DVD/CD-RW аралас диск жетегі

- DVD+RW/R және CD-RW аралас диск жетегі
- DVD+RW/R және CD-RW аралас диск жетегі

Қосымша сыртқы диск жетектерін пайдалану

 **ЕСКЕРІМ:** Қажетті бағдарламалық құрал және драйверлер туралы қосымша ақпарат алу немесе пайдалану қажет компьютер порты туралы білу үшін, өндірушінің нұсқауларын қараңыз.

Сыртқы құрылғыны қосу үшін


△ **ЕСКЕРТУ:** Токқа қосылған дискіні жалғағанда, жабдықтың зақымдану қатерін азайту үшін, құрылғының өшірілгендігін және айнымалы ток қуаты сымының ажыратылғандығын тексеріңіз.

1. Құрылғыны жалғаңыз.
2. Токқа қосылған құрылғыны қоссаңыз, құрылғының қуат сымын жерге қосылған айнымалы ток ұясына жалғаңыз.
3. Құрылғыны қосыңыз.

Қуат көзіне қосылмаған сыртқы құрылғыны ажырату үшін құрылғыны өшіріп, одан кейін оны ажыратыңыз. Қуат көзіне қосылған сыртқы құрылғыны ажырату үшін құрылғыны өшіріңіз де, оны ажыратыңыз, одан кейін айнымалы ток сымын ажыратыңыз.

Оптикалық диск жетектерін ортақ пайдалану

Компьютерде орнатылған оптикалық диск жетегі болса да, бағдарламалық құралдарды ашу, қолданбаларды орнату және деректерге оңай кіру үшін оптикалық диск жетегі орнатылған, сондай-ақ сымды немесе сымсыз желіге қосылған басқа компьютердегі оптикалық диск жетегін ортақ пайдалануға болады. Windows амалдық жүйесінің дискіні ортақ пайдалану мүмкіндігі арқылы бірдей желідегі басқа компьютерлерге бір компьютерден кіруге болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Үйдегі желі теңшеу және диск жетегін ортақ пайдалану туралы ақпаратты анықтама және қолдау орталығынан қараңыз.

ЕСКЕРІМ: Фильмдер немесе ойындар жазылған DVD дискілері сияқты кейбір дискілер көшірме жасаудан қорғалған және оларды DVD немесе ықшам дискіні ортақ пайдалану мүмкіндігі арқылы пайдалану мүмкін емес.

10 Жад модульдері

Компьютерде оның астыңғы жағында орналасқан бір жад модулінің бөлімі болады. Компьютердің жад сыйымдылығын жад модулінің ұясында бар жад модулін ауыстыру арқылы жаңартуға болады.


- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток ұру немесе жабдықтық зақымдалу қатерін азайту үшін, қуат сымын ажыратып, жад модулін орнатпас бұрын, барлық батареяларды шығарып алыңыз.
- △ **ЕСКЕРТУ:** Электростатикалық ток соғу (ESD) электроникалық бөліктерді зақымдауы мүмкін. Қандай да бір іс ретін бастамастан бұрын, жерге орнатылған нысанды түрту арқылы бойыңызда тұрақты электр тогының жоқтығын тексеріңіз.

Жад модулін қосу немесе ауыстыру үшін:

1. Жұмысыңызды сақтаңыз.
2. Компьютерді өшіріп, дисплейді жабыңыз.

Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат қосқышын басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.
3. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
4. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз.
5. Компьютерді қатты жерде төңкеріңіз.
6. Компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
7. Кіші Phillips бұрауышын пайдалану арқылы қақпақтағы 2 бұранданы **(1)** бұрап босатыңыз.

8. Жад модулі бөлімінің қақпағын компьютерден алыс көтеріңіз (2).




9. Бар жад модулін шығарып алу үшін

- a. Жад модулінің екі жағындағы ұстап тұратын қыстырғыштарды (1) тартып алыңыз. Жад модулінің бұрыштарын жоғары қаратыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз.

- b. Жад модулінің жиектерінен ұстап(2), оны ұясынан сыртқа жайлап тартыңыз.




Шығарғаннан кейін жад модулін қорғау үшін, оны электростатикалық ток өтпейтін контейнерге салыңыз.

10. Жад модулін енгізу үшін


△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз және жад модулін қисайтпаңыз.

- a. Жад модулінің түйіскен жиектерін **(1)** жад модулі ұясының құлақшасына туралаңыз.
- b. Жад модулі бөлімінің бетінен 45 градус бұрыштағы жад модулімен модульді **(2)** жад модулінің ұясына орныққанша басыңыз.
- c. Жад модулінің сол және оң жақ жиектеріне қысым бере отырып, жад модулін **(3)** төмен қарай жайлап, ұстап тұратын қыстырғыштар орнына түскенше, басыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, жад модулін майыстырмаңыз.



11. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы ілгектерді компьютердегі кетіктерге туралаңыз, одан кейін қақпақты **(1)** өз орнында орналастырыңыз.
12. Қақпақтағы 2 бұранданы **(2)** бұрап қатайтыңыз.



13. Батареяны орнына салыңыз.

14. Компьютерді жоғары қаратып, сыртқы қуатты және сыртқы құрылғыларды қайта қосыңыз.
15. Компьютерді қосыңыз.

11 Бағдарламалық құралды жаңарту

Компьютерде қамтамасыз етілген бағдарламалық құралдардың жаңартылған нұсқалары HP веб-торабында бар болуы мүмкін.


HP веб-торабындағы бағдарламалық құралдар мен BIOS жаңартуларының басым бөлігі *SoftPaqs* атты қысылған файлдарда орналасқан.

Кейбір жүктелетін бумалардың құрамында файлды орнату және ақаулықтарды жою туралы ақпаратты қамтитын *Readme.txt* файлы бар.

Бағдарламалық құралды жаңарту үшін осы нұсқаулықтың соңында аталған әрекеттерді орындаңыз:

1. Компьютер үлгісінің нөмірі, өнім санаты мен сериясы не отбасын анықтаңыз. Компьютерде ағымдағы орнатылған BIOS нұсқасын анықтап, жүйенің BIOS нұсқасын жаңартуға дайындалыңыз.

Егер компьютер желіге қосылған болса, бағдарламалық құралдардың жаңартуларын, әсіресе жүйенің BIOS жаңартуларын орнатпас бұрын желілік әкімшімен хабарласыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердегі жүйенің BIOS нұсқасы жүйелік дискіде сақталады. BIOS амалдық жүйені баптандырады, компьютердің аппараттық құрылғыларымен тілдесу жолын анықтайды және аппараттық құрылғылардың арасында деректерді, соның ішінде уақыт пен күндерді беруді орындайды.

2. HP веб-торабында <http://www.hp.com> мекен-жайында орналасқан жаңартуларға өтіңіз.
3. Жаңартуларды орнатыңыз.

BIOS нұсқасын жаңарту

BIOS нұсқасын жаңарту үшін алдымен, ағымдағы орнатылған BIOS нұсқасын анықтаңыз, одан кейін жаңа BIOS нұсқасын жүктеп орнатыңыз.

BIOS нұсқасын анықтау

Қолданыстағы BIOS жаңартуларының компьютерде қазір орнатылғандарынан кейінірек BIOS нұсқаларын қамтитын анықтау үшін, қазір орнатылған BIOS жүйесінің нұсқасын білу қажет.

BIOS нұсқасы туралы ақпаратты (сонымен қатар, *ROM date* (ROM күні) және *System BIOS* (Жүйелік BIOS) деп аталатын ақпаратты) орнату утилитасын пайдалану арқылы экранға шығаруға болады.

BIOS туралы ақпаратты экранға шығару үшін

1. Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз, одан кейін экранның төменгі сол жақ бұрышында «F10 = BIOS Setup Options» (F10 = BIOS орнату мүмкіндіктері) хабарламасы көрсетілгенде **f10** пернесін басыңыз.
2. Орнату утилитасы көрсетілген жүйе ақпаратымен бірге ашылған болмаса, **Основное** (Негізгі) мәзірін таңдау үшін көрсеткі пернелерді қолданыңыз.

Негізгі мәзір таңдалғанда, BIOS және басқа жүйе ақпараты көрсетіледі.
3. Орнату утилитасынан шығу үшін, **Выйти (Шығу) > Выйти, сбросив изменения** (Өзгертулерді болдырмай шығу) пәрмендерін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.

BIOS жаңартуын жүктеп алу

- △ **ЕСКЕРТУ:** Компьютерге зақым келтірмеу немесе сәтсіз орнатуды болдырмау үшін BIOS жаңарту файлын компьютер айнымалы ток адаптері арқылы сенімді сыртқы қуат көзіне қосылған кезде ғана жүктеп алыңыз және орнатыңыз. Батареядан қуат алатын, қосымша қондыру құрылғысында қондырылған немесе қосымша қуат көзіне жалғанған компьютерге BIOS жаңарту файлын жүктеп алмаңыз немесе орнатпаңыз. Жүктеп алу және орнату барысында мына нұсқауларды орындаңыз:

Компьютерді айнымалы ток көзінен ажыратқан кезде қуат сымын тартпаңыз.

Компьютердің жұмысын аяқтамаңыз немесе компьютерді ұйқы немесе күту күйіне ауыстырып қоспаңыз.

Құрылғылар, кабельдер немесе шнурды жалғамаңыз, ажыратпаңыз немесе қоспаңыз.

BIOS жаңартуын жүктеп алу:

1. Компьютер үшін бағдарламалық құралды беретін HP веб-торабындағы бетке кіріңіз:

Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Обслуживание (Қызмет көрсету) тармақтарын нұқыңыз да, бағдарламалық құрал мен драйверлерді жаңартуды таңдаңыз.


2. Жүктеп алынатын BIOS жаңартуына кіру және компьютерді анықтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

3. Жүктеу аймағында мына қадамдарды орындаңыз:

- a. BIOS жаңартуының қазір компьютерде орнатылған BIOS нұсқасынан кейінгі екенін анықтаңыз. Басқа кодтың күні, атауы немесе қосымша ақпаратын жазып алыңыз. Бұл ақпарат жаңарту файлы қатты дискіге жүктелгеннен кейін оны табу үшін қажет болуы мүмкін.

- b. Таңдалған файлды қатты дискіге жүктеп алу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

BIOS жаңартуы жүктеліп алатын қатты дискідегі орынға жолды жазып алыңыз. Сіз жаңартуды орнатуға дайын болғаныңызда бұл жол бойынша файлды табуыңыз тиіс.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютер желіге қосылған болса, бағдарламалардың жаңартуларын, әсіресе жүйенің BIOS жаңартуларын орнатпас бұрын желілік әкімшімен байланысыңыз.

BIOS нұсқасын орнату іс реттері әртүрлі екен. Жүктеп алу үрдісі аяқталғаннан кейін экранда көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз. Нұсқаулар экранға шығарылмаған жағдайда мына қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Компьютер** тармақтарын таңдау арқылы Windows Explorer бағдарламасын ашыңыз.
2. Тағайындалған қатты дискіні екі рет нұқыңыз. Әдетте жергілікті диск (C:) тағайындалған қатты диск болып табылады.
3. Бұрын жазылған қатты дискіге жол бойынша жаңарту файлы орналасқан қатты дискідегі қалтаны тауып ашыңыз.
4. .exe кеңейтімі бар файлды екі рет нұқыңыз (мысалы, *файл атауы*).exe).

BIOS орнатылуы басталады.


5. Экрандағы нұсқауларды орындау арқылы орнатуды аяқтаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Орнату сәтті аяқталды сияқты хабар экранға шығарылғаннан кейін жүктелген файлды қатты дискіден жоюға болады.


Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту

Жаңартылған BIOS нұсқасынан басқа бағдарламалық құралдарды жүктеп алу және орнату үшін төмендегі әрекеттер орындаңыз:

1. Компьютер үшін бағдарламалық құралды беретін HP веб-торабындағы бетке кіріңіз:
Пуск (Бастау) >Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Обслуживание (Қызмет көрсету) тармақтарын нұқыңыз да, бағдарламалық құрал мен драйверлерді жаңартуды таңдаңыз.
2. Жаңартқыңыз келетін бағдарламалық құралды табу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Жүктеп алу аймағында жүктегіңіз келетін бағдарламалық құралды таңдаңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бағдарламалық құрал жүктеліп алатын қатты дискідегі орынға жолды жазып алыңыз. Сіз бағдарламалық құралды орнатуға дайын болғаныңызда бұл жол бойынша файлды табуыңыз тиіс.

4. Жүктеп алу аяқталғаннан кейін **Пуск (Бастау) > Компьютер** (Компьютер) пәрмендерін таңдау арқылы Windows шолғышын ашыңыз.
5. Тағайындалған қатты дискіні екі рет нұқыңыз. Әдетте жергілікті диск (C:) тағайындалған қатты диск болып табылады.
6. Бұрын жазылған қатты дискіге жол бойынша жаңарту файлы орналасқан қатты дискідегі қалтаны тауып ашыңыз.
7. .exe кеңейтімі бар файлды екі рет нұқыңыз (мысалы, *файл атауы*).exe).
Орнату үрдісі басталады.
8. Экрандағы нұсқауларды орындау арқылы орнатуды аяқтаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Орнату сәтті аяқталды сияқты хабар экранға шығарылғаннан кейін жүктелген файлды қатты дискіден жоюға болады.

12 Орнату утилитасы

Орнату утилитасын бастау

Орнату утилитасы ROM жадына негізделген ақпарат және теңшеу утилитасын Windows амалдық жүйесі жұмыс істемей тұрғанда да қолдануға болады.

Утилита компьютер туралы ақпаратты хабарлайды және бастау, қауіпсіздік және басқа басымдықтар үшін параметрлерді береді.

Орнату утилитасын бастау үшін

- ▲ Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз, одан кейін экранның төменгі сол жақ бұрышында «F10 = BIOS Setup Options» (F10 = BIOS орнату мүмкіндіктері) хабарламасы көрсетілгенде **f10** пернесін басыңыз.

Орнату утилитасын пайдалану

Орнату утилитасының тілін өзгерту

Төмендегі үрдіс орнату утилитасы тілінің өзгертілу жолын түсіндіреді. Орнату утилитасы әлі іске қосылмаған болса, 1-қадамнан бастаңыз. Егер орнату утилитасы бұрыннан іске қосылған болса, 2-қадамнан бастаңыз.

1. Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз, одан кейін экранның төменгі сол жақ бұрышында «F10 = BIOS Setup Options» (F10 = BIOS орнату мүмкіндіктері) хабарламасы көрсетілгенде **f10** пернесін басыңыз.
2. **Конфигурация системы** (Жүйені теңшеу) > **Язык** (Тіл) пәрменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
3. Тілді таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
4. Теңшеу сұрауы таңдалған тілде көрсетілгенде, **enter** пернесін басыңыз.
5. Өзгертуді сақтау және орнату утилитасынан шығу үшін, **Выйти** (Шығу) пәрменін таңдау мақсатында көрсеткі пернелерді пайдаланыңыз, > **Выйти, сохранив изменения** (Өзгертулерді сақтап шығу) тармағын таңдап, **enter** пернесін басыңыз.

Өзгертулер бірден іске қосылады.

Орнату утилитасында шарлау және таңдау

Орнату утилитасы Windows жүйесіне негізделмеген болғандықтан, ол TouchPad құралына қолдау көрсетпейді. Шарлау және таңдау пернетақта арқылы жүзеге асырылады.

- Мәзір немесе мәзір элементін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз.
- Тізімдегі элементті таңдау үшін және өрісті ажырата қосу үшін, мысалы Қосу/Ажырату өрісі, көрсеткі пернелерін немесе **f5** немесе **f6** пернесін пайдаланыңыз.
- Элементті таңдау үшін, **enter** пернесін басыңыз.
- Мәтін ұясын жабу немесе мәзір дисплейіне қайту үшін, **esc** пернесін басыңыз.
- Орнату утилитасы ашық болғанда қосымша шарлауды және таңдалған ақпаратты көрсету үшін, **f1** пернесін басыңыз.

Жүйе ақпаратын көрсету

Төмендегі үрдіс орнату утилитасындағы жүйе ақпаратының көрсетілу жолын түсіндіреді. Орнату утилитасы ашық емес болса, 1-қадамнан бастаңыз. Егер орнату утилитасы ашық болса, 2-қадамнан бастаңыз.

1. Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз, одан кейін экранның төменгі сол жақ бұрышында «F10 = BIOS Setup Options» (F10 = BIOS орнату мүмкіндіктері) хабарламасы көрсетілгенде **f10** пернесін басыңыз.
2. **Основной** (Негізгі) мәзірін таңдаңыз. Жүйе уақыты және күн сияқты жүйе ақпаратын және компьютер туралы анықтау ақпаратын көрсетеді.
3. Параметрлерді өзгертпей орнату утилитасынан шығу үшін, **Выйти** (Шығу) пәрменін таңдау мақсатында көрсеткі пернелерді пайдаланыңыз, **> Выйти, сбросив изменения** (Өзгертулерді болдырмай шығу) тармағын таңдап, **enter** пернесін басыңыз.

Орнату утилитасында әдепкі параметрлерді сақтау

Төмендегі үрдіс орнату утилитасы әдепкі параметрлерінің сақталу жолын түсіндіреді. Орнату утилитасы әлі іске қосылмаған болса, 1-қадамнан бастаңыз. Егер орнату утилитасы бұрыннан іске қосылған болса, 2-қадамнан бастаңыз.

1. Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз, одан кейін экранның төменгі сол жақ бұрышында «F10 = BIOS Setup Options» (F10 = BIOS орнату мүмкіндіктері) хабарламасы көрсетілгенде **f10** пернесін басыңыз.
2. **Выйти** (Шығу) **> Загрузка настроек по умолчанию** (Орнатуларды әдепкі күйде жүктеу) пәрменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
3. Орнатуды растау көрсетілген **enter** пернесін басыңыз.
4. Өзгертуді сақтау және орнату утилитасынан шығу үшін, **Выйти** (Шығу) пәрменін таңдау мақсатында көрсеткі пернелерді пайдаланыңыз, **> Выйти, сохранив изменения** (Өзгертулерді сақтап шығу) тармағын таңдап, **enter** пернесін басыңыз.

Орнату утилитасының әдепкі параметрлері компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.



ЕСКЕРІМ: Құпия сөз, қауіпсіздік және тіл параметрлері зауыттың әдепкі параметрлерін сақтағанда өзгертілмейді.

Орнату утилитасынан шығу

Өзгертулерді сақтап не сақтамай орнату утилитасынан шығуға болады.

- Орнату утилитасынан шығу және ағымдағы бөлімнен өзгертулерді сақтау үшін:

Орнату утилитасы мәзірлері көрінбесе, мәзір дисплейіне қайту үшін **esc** пернесін басыңыз. Одан кейін **Выйти** (Шығу) > **Выйти, сохранив изменения** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.


- Ағымдағы бөлімнен өзгертулерді сақтамай орнату утилитасынан шығу үшін:

Орнату утилитасы мәзірлері көрінбесе, мәзір дисплейіне қайту үшін **esc** пернесін басыңыз. Одан кейін **Выйти** (Шығу) > **Выйти, сбросив изменения** (Өзгертулерді болдырмай шығу) пәрменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.

Таңдау жасалғаннан кейін компьютер Windows жүйесінде іске қосылады.

Орнату утилитасы мәзірі

Осы бөлімдегі мәзір кестелері орнату утилитасы параметрінің шолуын береді.

 **ЕСКЕРІМ:** Осы тараудағы орнату утилитасының мәзір элементтерінің тізіміндегі кейбір элементтер компьютермен колданылмауы мүмкін.

Негізгі мәзір

Таңдау	Орындалатын әрекет
Жүйе ақпараты	<ul style="list-style-type: none">• Жүйе уақытын және күнін қарап шығып, өзгерту.• Компьютер туралы анықтау ақпаратын қарап шығу.• Процессор, жад мөлшері мен жүйелік BIOS туралы арнайы ақпаратты көру.

Қауіпсіздік мәзірі

Таңдау	Орындалатын әрекет
Әкімші құпия сөзі	Әкімші құпия сөзін енгізу, өзгерту немесе жою.
Қосылғандағы құпия сөз	Қосылғандағы құпия сөзді енгізу, өзгерту немесе жою.

Жүйе теңшелімі мәзірі

Таңдау	Орындалатын әрекет
Тілге қолдау көрсету	Орнату утилитасының тілін өзгерту.

Таңдау	Орындалатын әрекет
Processor C4 күйі	Процессордың C4 күйін қосу/ажырату.
Жүктеу параметрлері	<p>Төмендегі жүктеу параметрлерін орнатыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • f10 және f12 Күту (сек.)—Күтуді орнату утилитасының f10 және f12 функциялары үшін әрбірін 5 секундқа (0, 5, 10, 15, 20) интервалмен орнатыңыз. • Ішкі желі адаптерін жүктеу—ішкі желі адаптерінен жүктеу қосылған/ажыратылған. • Жүктеу тәртібі—жүктеу ретіне орнатылған: <ul style="list-style-type: none"> ◦ Ішкі қатты диск (таңдаулы модельдерде ғана) ◦ USB иілгіш дискісі ◦ USB CD/DVD диск жетегі ◦ USB флэш карта жетегі ◦ USB қатты дискісі ◦ USB карта оқу құрылғысы ◦ Желі адаптері <p>ЕСКЕРІМ: Жүйеге жалғанған құрылғы ғана бастау ретінің мәзірінде көрсетіледі.</p>

Диагностикалау мәзірі

Таңдау	Орындалатын әрекет
Қатты дискінің өзіндік сынағы (таңдаулы модельдерде ғана)	Қатты дискідегі қатты дискінің толық өзіндік сынағын іске қосыңыз.
Жад сынағы	Жүйе жадында диагностикалау сынағын іске қосыңыз.

Индекс

- А**
- айнымалы ток адаптері
 - анықтау 9
 - қосылу 14
 - Айнымалы ток адаптерінің шамы,
 - анықтау 6
 - амалдық жүйе 23
 - антенналар 8
 - ауа өткізгіш саңылаулар,
 - анықтау 6, 8
 - аудио кіріс (микрофон) ұясы 6, 40
 - аудио құрылғылары, сыртқа қосу 43
 - аудио функциялары,
 - тексеру 43
 - аудио функцияларын тексеру 43
 - аудио шығыс (гарнитура) ұясы 6, 40
- Ә**
- әдепкі параметрлерді сақтау 75
 - әкімші құпия сөзі
 - басқару 50
 - енгізу 50
 - жасау 50
 - әкімші құпия сөзін басқару 50
 - әкімші құпия сөзін енгізу 50
 - әуежай қауіпсіздік құрылғылары 64
- Б**
- бағдарламалар, жаңарту 73
 - бағдарламалық құрал
 - Windows медиа ойнатқышы 42
 - мультимедиа 42
 - орнату 42
 - батарея
 - анықтау 9
 - жою 15
 - зарядтау 16, 19
 - кірістіру 15
 - қайта зарядтау 21
 - қуатты үнемдеу 22
 - сақтау 23
 - тастау 23
 - тауысылу 17
 - тексеруден өткізу 19
 - төмен батарея деңгейлері 17
 - батарея қуаты 15
 - батареяларды зарядтау 16, 19
 - батареяны босату
 - ысырмалары 7, 15
 - батареяны сақтау 23
 - батареяны тексеруден өткізу 19
 - батарея температурасы 23
 - батарея ұясы, анықтау 7
 - батарея шамы 4, 16, 18
 - белгішелер
 - желі күйі 27
 - сымсыз 27
 - босату ысырмалары,
 - батарея 7, 16
 - бөліктер
 - TouchPad 1
 - алдыңғы жағы 3
 - дисплей 6
 - қосыма жабдық 9
 - оң жақ 5
 - сол жақ 5
 - төменгі 7
 - бөлімдер, жад модулі 8
 - бірілескен WLAN қосылымы 32
- В**
- веб-камера, анықтау 7, 39
 - веб-камера шамы, анықтау 7, 39
 - видео көрсету түрлері 61
- Г**
- гарнитура (аудио шығыс) ұясы 6, 40
- Д**
- Диагностикалау мәзірі 77
 - дискет жетегі 64
 - диск жетегінің шамы, анықтау 4
 - диск жетектері
 - дискет 64
 - қатты 64
 - оптикалық 64
 - сыртқы 64
 - диск жетектері, бастау реті 77
 - дискідегі медиа 11
 - дисплей
 - кескін, ауыстырып көрсету 61
 - экран жарықтығы пернелер тіркесімі 61
 - дисплей қосқышы, анықтау 7
 - дыбыс, реттеу 40
 - дыбыс деңгейін азайтуға арналған пернелер тіркесімі, анықтау 39
 - дыбыс деңгейін көбейтуге арналған пернелер тіркесімі, анықтау 39
 - дыбыс өшіруге арналған пернелер тіркесімі, анықтау 40
 - дыбыс өшіру түймешігі 40

Ж

жабдық, анықтау 1
жад модулі
салу 67
шығарып алу 67
жад модулі бөлімі, анықтау 8
жад модулі бөлімінің қақпағы
ажырату 67
ауыстыру 68
жад сынағы 77
жазылатын медиа 11
жапсырмалар
Microsoft түпнұсқалық туралы
күәлігі 10
нормативтік 10
техникалық сипаттама
белгішесі 9
жауапсыз жүйе 23
желі күйінің белгішесі 27
желілік кабель
кедергіні азайту 26
қосылу 26
желі ұясы, анықтау 5
жергілікті желі (LAN)
кабельді қосу 26
қажетті кабель 26
жұмысты аяқтау 23
жүйе ақпараты 76
жүйе ақпаратын көрсету 75
Жүйе теңшелімі мәзірі 76
жүктеу параметрлері 77
жүктеу реті 77
жылдам пернелер тіркесімдері
QuickLock құралын іске
қосу 61
пайдалану 60
ұйқы күйін қосу 60
үндеткіш дыбысын
жоғарылату 62
үндеткіш дыбысын өшіру 62
үндеткіш дыбысын
төмендету 62
экран жарықтығын
төмендету 61
экран жарықтығын
ұлғайту 61
экран кескінін ауыстырып
қосу 61

И

Интернет қосылымын
орнату 30

К

кабельдер
LAN 26
USB 57
VGA 45
кедергіні азайту, желілік
кабель 26
компьютерді өшіру 23
компьютерді сапарға алып
шығу 23
концентраторлар 57
Күту
қосу 12
өте төмен батарея деңгейі
кезінде қосылады 18
шығу 12

Қ

қалқан 31
қатты диск, сыртқы 64
қатты диск жетегі, сыртқы 64
қатты дискінің өзіндік
сынағы 77
қауіпсіздік, кабель ұясы 5
қауіпсіздік, сымсыз 30
қауіпсіздік кабелінің ұясы,
анықтау 5
Қауіпсіздік мәзірі 76
қоғамдық WLAN қосылымы 32
қолданбалар пернесі,
Windows 3
қосқыштар
қуат 4
сымсыз 4
қосу, сыртқы қуат көзі 14
қосылғандағы құпия сөз
басқару 51
енгізу 51
жасау 51
қосылғандағы құпия сөзді
басқару 51
қосылғандағы құпия сөзді
енгізу 51
қуат
қосылу 14
үнемдеу 22

қуат қосқышы, анықтау 4, 5
қуат шамы, анықтау 4
қуат шнуры, анықтау 9
құлақаспаптар 6, 40
құпия сөздер

Windows жүйесінде
орнатылатын 48
әкімші 49
қосылғандағы 50
Орнату утилитасында
орнатылатын 49

М

микрофон (аудио кіріс) ұясы 6,
40
Мобильді кең ауқымды НР желісі,
ажыратылған 34
Мобильді кең ауқымды НР
модулі 33
монитор, жалғау 45
мультимедиа бағдарламалық
құралдары
орнату 42
пайдалану 42
мультимедиалық бөліктер,
анықтау 38

Н

Негізгі мәзір 76
нормативтік ақпарат
Мобильді кең ауқымды НР
модулінің сериялы
нөмірі 10
нормативтік ақпараты бар
жапсырма 10
сымсыз 10

О

оқылатын медиа 11
оптикалық диск жетегі 64
оптикалық диск жетегін ортақ
пайдалану 65
Орнату утилитасы, орнатылатын
құпия сөздер 49
орнату утилитасынан шығу 76
орнату утилитасында
таңдау 75
орнату утилитасында
шарлау 75
орнату утилитасының тілін
өзгерту 74

ортақ пайдаланылатын диск жетектері 65

Ө

өнім аты және нөмірі, компьютер 9
өте төмен батарея деңгейі 18
өшіру түймешігі 40

П

пернелер
fn 3
Windows қолданбалары 3
Windows логотипі 3
функциялық 3
пернелер тіркесімдері сипаттама 59
пернетақтадағы пернелер тіркесімдері, анықтау 59
порттар
USB 5, 6, 57
сыртқы монитор 45
проектор, жалғау 45

С

сандық карта
салу 55
тоқтату 56
шығарып алу 56
Сандық медиа ұясы, анықтау 5
Сенсорлы панельдегі айналдыру аумағы, анықтау 1
сериялық нөмір, компьютер 9
Спящий режим (Ұйқы күйі) пернелер тіркесімі 60
сымсыз антенналар 8
сымсыз байланыс қосқышы, анықтау 4, 28
сымсыз басқару элементтері амалдық жүйе 28
түймешік 28
сымсыз белгіше 27
сымсыз желі, қосылу 27
сымсыз желі (WLAN) бірлескен WLAN қосылымы 32
жұмыс ауқымы 32
қажет жабдық 30
қауіпсіздік 30

қоғамдық WLAN қосылымы 32
қосылу 32

сымсыз шам, анықтау 4, 28
сыртқы аудио құрылғылары, қосу 43
сыртқы диск жетегі 64
сыртқы монитор порты 45
сыртқы монитор порты, анықтау 5

Т

температура 23
техникалық сипаттама белгішесі 9
теңшеу, компьютер 1
төмен батарея деңгейі 17
түймешік, дыбыс өшіру 40
түймешіктер
TouchPad панелінің оң жағы 2
TouchPad панелінің сол жағы 1
тығын тәріздес құлақаспаптар 6, 40
тілге қолдау көрсету 76
тінтуір, сыртқы жалғау 59
таңдаулы параметрлерді орнату 59

Ұ

Ұйқы қосу 11
шығу 11
ұя, батарея 7
ұялар
RJ-45 (желі) 5
аудио кіріс (микрофон) 6, 40
аудио шығыс (құлақаспап) 6, 40

Ү

үндеткіштер, анықтау 7, 39
үнемдеу, қуат 22

Ф

функциялық пернелер 3, 59

Ш

шамдар
caps lock 2
батарея 4
веб-камера 7
диск жетегі 4
қуат 4
сымсыз 4
шифрлау 31
шнур, қуат 9

Ы

Ықшам диск 64
ысырмалар, батареяны босату 7

І

ішкі дисплей қосқышы, анықтау 7
ішкі микрофон, анықтау 7, 39

Э

экран жарықтығы пернелер тіркесімі 61
экран кескіні, ауыстырып қосу 61

В

BIOS, жаңарту 71
Bluetooth құрылғысы 27

С

caps lock шамы, анықтау 2

D

DVD диск жетегі 64

F

fn пернесі 3, 59

P

Processor C4 күйі 77

Q

QuickLock 48
QuickLock пернелер тіркесімі 61

R

RJ-45 (желі) ұясы, анықтау 5

S

SIM

алып тастау 35

салу 34

T

TouchPad

анықтау 1

пайдалану 59

түймешіктер 1

TouchPad панелінің оң жақ

түймешігі, анықтау 2

TouchPad панелінің сол жақ

түймешігі, анықтау 1

U

USB кабелі, қосу 57

USB концентраторлары 57

USB құрылғылары

ажырату 58

қосылу 57

сипаттама 57

тоқтату 58

USB порттары, анықтау 5, 6,

57

W

Windows, жүйесінде

орнатылатын құпия сөздер 48

Windows қолданбалар пернесі,

анықтау 3

Windows логотипі бар перне,

анықтау 3

WLAN антенналары, анықтау 8

WLAN желісіне қосылу 32

WLAN құрылғысы 27

WLAN құрылғысын орнату 30

WWAN антенналары,

анықтау 8

